AIQYN

ЖҰМА
№20 (4072)
11.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

**Мәскеуге жұмыс сапарымен барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Мемлекет басшылары екіжақты қатынастардың перспективаларын және аймақтық деңгейдегі ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Қазақстан Президенті Мәскеуге сапармен келуге шақырғаны және дәстүрлі түрде қонақжайлылық көрсеткені үшін Ресей көшбасшысына ризашылығын білдірді.

– Владимир Владимирович, ең алдымен Мәскеуге сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Шын мәнінде, бұл Жаңа жылдан кейінгі, өкінішке қарай елімізде болған қаңтардағы қайғылы оқиғалардан кейінгі алғашқы сапарым. Бұл еліміздің конституциялық құрылысына нұқсан келтіріп, мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатымен Қазақстанға шабуыл жасаған халықаралық лаңкестер мен бұзақылардың мұқият дайындаған операциясы болды. Қазір тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы нәтижелері де бар. Өкінішке қарай, құрбан болғандардың саны өте көп. Бұл менің де жаныма батады. Қаза болғандардың жақындары мен туыстарына көңіл айттым. Әрбір жағдай жіті тексеріледі. Кінәлілер анықталып, жауапқа тартылады. Елімізге бітімгерлік күштерін жіберу жөніндегі Қазақстанның үндеуіне жылы әрі іскерлікпен қарағаныңыз үшін Сізге тағы да ризашылығымды білдіремін. Бітімгерлік контингент стратегиялық нысандарды күзету тұрғысынан өте маңызды рөл атқарды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин қаңтардағы қайғылы оқиғаларға қатысты өзінің пікірін білдірді.

– Қазақстанды ел ішіндегі күрделі жағдайды пайдаланған қандай да бір халықаралық бүлікшілердің құрбаны болды десек, артық айтқандық емес. Ресей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттің бірі ретінде Шарттың 4-бабына сәйкес, Қазақстанға көмек қолын созды. Дегенмен Қазақстан басшылығы негізгі рөл атқарды, сондай-ақ өздерінің ісіне, антына және халқына адал құқық қорғау органдары мен қарулы күштер өздеріне жүктелген міндетті орындады. Осы оқиғалар кезінде қираған нысандарды қалпына келтіру үшін көп күш жұмсау қажет екенін де білемін. Бірақ Қазақстан Сіздің табандылығыңыздың арқасында нық тұр және Сіздің басшылығыңызбен белсенді дамуда, – деді Ресей Президенті.

Президенттер екі ел арасындағы жан-жақты байланыстардың табысты дамуын жоғары бағалап, саяси, экономикалық, сауда, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге екі тараптың да мүдделі екенін айтты.

– Алдағы келіссөз барысында Қазақстанның және екі елдің де стратегиялық мүдделерін қамтитын бірқатар өзекті мәселе бойынша пікір алмасуды жоспарлап отырмыз. Маңызды келісімге қол қойылды. Жалпы, саяси ерік-жігер бар, өзара стратегиялық, одақтастық қарым-қатынастар бойынша нақты нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Бұдан бұрын да Қазақстан мен Ресейдің Құдай қосқан көрші екенін айтқанбыз. Әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара да бізге тиесілі. Елдеріміз арасында достық пен ынтымақтастықтан басқа қарым-қатынас болуы мүмкін емес, – деді Қазақстан Президенті.

Ресей басшысы екі ел арасындағы экономикалық ықпалдастықты арттыруға ниетті екенін мәлімдеді.

– Ресей Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі екеніне қуаныштымын. Халықаралық алаңдарда да тығыз ынтымақтастық орнатқанбыз, бұрынғы кеңестік кеңістіктен тыс ірі халықаралық ұйымдарда да ықпалдастығымыз бар. Биыл дипломатиялық қатынастарды орнатқанымызға – 30 жыл. Бірқатар көлемді іс-шара өткізу көзделіп отыр. Олар біздің іскерлік, гуманитарлық байланыстарымызға пайдалы болатынына сенімдімін. Ғарыш, энергетика, машина жасау салаларындағы ірі жобалар бойынша бірлесіп атқаратын жұмыс көп, – деді Владимир Путин.

Қазақстан мен Ресей басшыларының кездесуі барысында білім беру саласындағы ынтымақтастыққа баса мән берілді. Инженерлік-техникалық саладағы жоғары білікті мамандардың тапшылығына байланысты Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресейде мамандар әзірлеу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Келіссөз қорытындысы бойынша білім беру, теміржол, цифрландыру, ғарышты игеру және атом энергетикасы салалары бойынша мамандар даярлауға қатысты бірқатар құжатқа қол қойылды.

# Стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісі

**Екіжақты келіссөздің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**



Қазақстан Президенті өз сөзінде Мәскеуге сапармен келуге шақырғаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

– Келіссөз өте мазмұнды және тиімді болды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бүгінгі келіссөзге көңілім толатынын айтқым келеді. Биыл мемлекеттеріміз үшін атаулы жыл болмақ. Елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы уақыт ішінде достыққа, ортақ тарихқа және халықтарымыздың ментальдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, мемлекетаралық ынтымақтастықтың үлгісін қалыптастырдық. Тиімді саяси диалогтің арқасында барлық бағыт бойынша зор жетістіктерге қол жеткізд ік. Біздің құрлықтағы шекарамыз – әлемдегі ең ұзын шекара. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетіп отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өте мазмұнды және жемісті келіссөз жүргізілгенін мәлімдеді. Екі ел басшылары қазіргі қазақ-орыс мәселелерін ашық әрі өзара сенім негізінде талқылады.

– Елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстардың жоғары деңгейдегі табысты дамуына көңіліміз толатынын атап өттік. Өзара тиімді ынтымақтастықтың зор әлеуетін ескере отырып, саяси, экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге ниетті екенімізді нақтыладық. Біз өзара сауда-саттықтың оң қарқынын сақтауға уағдаластық. Пандемия шараларына қарамастан, жоғары нәтижеге қол жеткізілді. Былтыр тауар айналымы 21 миллиард доллардан асты, – деді Қазақстан Президенті.

Қ.Тоқаевтың айтуынша, Ресей компаниялары Қазақстан экономикасындағы жетекші инвесторлардың бестігіне кіреді және олардың салған қаржыларының жалпы көлемі 17 миллиард доллардан асады. Елімізде шетелдік капиталдың үлесі бар әрбір үшінші кәсіпорын Ресей компанияларының қатысуымен құрылған. Олардың ортақ инвестициялық портфелі барлық саланы қамтыды.

*(Жалғасы 2-бетте)*

# Үкіметаралық байланыстарға назар аударды

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей президенттерінің бүгінгі келіссөздерінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

– Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен шынайы одақтастық қатынастарды ілгерілету үшін көп жұмыс істеу керек. Бар күш-жігерді күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмсау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа Үкіметімен жүйелі жұмыс істеудің маңызды екенін атап өтті.

– Сіздердің өкілдеріңіз бен Қазақстанның жаңа Үкіметі арасындағы байланыстарға тың серпін бергім келеді. Қарым-қатынастар Ресей Үкіметімен арадағы іскерлік, белсенділік және өте тығыз байланыстарды жалғастыруға бағытталуы керек, – деді Президент.

Оның айтуынша, Қазақстан мен Ресейдің Камаз, Сибур және басқа да жетекші компанияларының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан стратегиялық сипаты зор маңызды бірлескен жобалары бар. Бұл жобалар өндірістік кооперацияны кеңейтуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, екі елдің өнеркәсіптік және технологиялық әлеуетін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар Қазақстан тарапы Еуразиялық экономикалық одақ аясында тығыз ықпалдастық орнатуға ниетті.

Өз кезегінде Михаил Мишустин екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамыту үшін Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мәскеуге жасаған сапарының маңызы зор екенін атап өтті.

– Ресей Федерациясының Үкіметі жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау үшін барлық қажетті шараны қабылдайтынын мәлімдеймін, – деді Михаил Мишустин.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті экономикалық кооперацияның мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық мақсатына сай келетініне сенім білдірді.

# Тағы бір кәсіпорын көлді ластай бастады

**Көлемі жағынан әлемде 13-орында тұрған Балқаш көлінің жағдайы жыл сайын нашарлап барады. Мамандар оның ластану деңгейі артып, табаны батпақтанып, айдыны зауыт қалдықтарымен уланғанын айтады. Жақында тағы шу шықты. Бұл жолы «Балқаш қаласының кәріз суы көлге құйылып жатыр» деп тұрғындар дабыл қақты.**



**ТҰРҒЫНДАР ШАҒЫМ АЙТТЫ**

Қазір лас су басқан жерді экологтер тексеруге кіріскен. Балқаш қаласының кәріз суы жиналатын жер Шашубай кентінің маңында орналасқан. Тұрғындар лас су құйылатын шұңқырдың арнасынан асқанын осыдан бірнеше күн бұрын айтыпты. Алайда қозғалған жан болмаған. Қазір далаға жайылған кәріз суы Балқаш көліне жеткен. Ақтоғай ауданы әкімдігінің өкілдері осы жерге барып, мәселенің анық-қанығына көз жеткізді. Аталған аумақты экологтер тексеріп, Балқаш қаласының кәріз жүйесіне иелік ететін «Балқаш Су» мекемесін жауапқа тартады деп сендіріп отыр.

– Кәріз жүйесі туралы түскен бейнежазба бойынша комиссия құрылып, комиссияны өзім бастап, Тоқырауын полиция басшысы, коммуналдық салалармен бірігіп, тиісті орынға бардық. Ол жерде кәріз жүйесі ағып жатқаны анықталды. Біздің тарапымыздан Қарағанды Экологиялық департаментіне тиісті шара қолдануға хат жазылды, – деген еді бірер күн бұрын Шашубай кентінің әкімі Данияр Серіков.

Кеше бұл жағдайдың қалай шешілгені туралы білейік деп Данияр Серіковке арнайы қоңырау шалдық.

– Иә, Экология департаментінен арнайы мамандар келіп, судан сынама алып кетті. Алдымен қайдан келген су, оның құрамында не бар? Осыны анықтайды. Одан кейін Балқаш қаласындағы құзырлы орындарға жібереді. Бізге сосын нақты жауабы келеді. Енді соның нәтижесін күтіп отырмыз. Әзірге бұл туралы нақты айтарым осы, – деді кент әкімі.

*(Жалғасы 7-бетте)*

# Парламент дипломатиясы ерекше рөл атқарады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі Заң шығару палатасының төрағасы Нурдинжон Исмоиловты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Мемлекет басшысы мейманға ілтипат білдіре отырып, елдеріміз достық пен тату көршілікке, ортақ мәдени құндылықтарға негізделген, мемлекетаралық ынтымақтастықтың үлгісі болатын берік әрі үйлесімді қатынастарды орнатқанын атап өтті.

Қазақстан Президенті өткен жылдың желтоқсан айында Шавкат Мирзиёевтің елімізге жасаған мемлекеттік сапарын жоғары бағалады. Сол сапар қазақ-өзбек ынтымақтастығын одақтастық деңгейіне көтеруге негіз болған.

– Өзбекстан – Қазақстан үшін бауырлас, серіктес ел. Сондықтан екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуға баса мән береміз. Біздің одақтас қатынастарымыз кең ауқымды және саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды қамтиды. Осы ретте парламент дипломатиясы ерекше рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Нурдинжон Исмоилов Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесуге уақыт бөлгені үшін алғыс білдіріп, Өзбекстан Президентінің ізгі тілегі мен сәлемін жеткізді.

# Елдігіміз сынға түскен «қасіретті қаңтар»



**«Қасіретті қаңтар» оқиғалары қазақ еліне сын болды. Әділеттің өріне, шындықтың шыңына ұмтылған мұң-наласы мол қаймана халықты қалқан етіп, залым күштер зұлым ниетін іске асыруға тырысты. Қалаларды қиратты, қарсы кездескенді жайратты, қан төкті, елді үрейге бөкті. Қазақстанымыздың бейбіт аспанын қара бұлт торлады. Елдік пен тәуелсіздікке тірек болған асқаралы арман, асыл мұраттар адыра қалғандай болды.**

**4–5 ▸▸**

# Стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісі



(Басы 1-бетте)

– Біз өндіріс кооперациясын кеңейтудің перспективаларын егжей-тегжейлі талқыладық. Бұл бағытта елдеріміз қазірдің өзінде 13 ірі жобаны іске асырды. Бүгінде құны 2,5 миллиард доллардан асатын 8 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, инвестициялық құны шамамен 1,5 миллиард доллар болатын тағы 11 жоба әзірленуде. Келіссөз кезінде құрметті Владимир Владимировичке бұл жобалардың бәрі менің жеке бақылауымда екенін айттым. Олардың бәрі жаңа жұмыс орындарын ашуға, елдеріміздің өнеркәсіп және технологиялық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңiраралық ынтымақтастықтың да пайдасы зор. Екі ел арасындағы сауда айналымының шамамен 70 пайызын өңірлеріміз арасындағы өзара тиімді саудасаттықтың үлесі құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы табысты серіктестіктің жаңа инновациялық өсім нүктелері есебінен кеңейіп отырғанын атап өтті. Бүгін цифрландыру, ғарышты игеру сияқты өзекті мәселелер мен атом энергетикасы саласында мамандар даярлау бойынша елдеріміздің ілгерілеуіне мүмкіндік беретін бірқатар құжатқа қол қойылды.

– Қазақстанда инженерлік-техникалық сала бойынша жоғары білікті мамандардың қажеттігін ескере отырып, білім беру саласындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Келіссөз барысында Владимир Владимировичке Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға келіскені үшін ризашылығымды білдірдім. Бұл қадам еліміздің білім беру саласын дамытуға сүбелі үлес қосады деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі тараптың да халықаралық бастамаларды ілгерілетуге өзара қолдау көрсететінін мәлімдеді. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халықаралық EXPO көрмесін 2030 жылы Мәскеуде өткізу бастамасын қолдайды.

Қазақстан Президенті Ресей Федерациясының аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі рөлін жоғары бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздіктің тұтастығына қатысты Ресейдің ұстанымын қолдады. Аталған құжат 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның Астана форумында қол қойылған Декларацияда бекітілгенін еске салды.

– Қазіргі әлемде басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне залал келтіре отырып, өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес және тиімсіз екенімен келісеміз. Сондықтан халықаралық ауқымдағы қауіпсіздікке қатысты Ресей Федерациясының ұсыныстары табысты дипломатиялық келіссөз өткізуге жақсы негіз болады. Келіссөздердің тек сөз үшін емес, нәтижеге қол жеткізу үшін жүргізілгенін қалаймыз. Түптеп келгенде «жақсы жанжалдан, жаман болса да бітім артық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, өткізілген келіссөзге көңілі толатынын атап өтіп, қонақжайлылық көрсеткені үшін Ресей тарапына ризашылығын білдірді.

# АҚШ-та есепшоты барлар да салықтан құтылмайды



**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысында депутаттар Қазақстан мен АҚШ арасындағы салықтық қатынасты нығайтатын келісімді қабылдады.**

Соған сәйкес, енді Қазақстан АҚШ-та шоттары бар барлық қазақстандық жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат ала алады. Бұл еліміз үшін салықтарды жинау мен басқарудың қосымша құралы болмақ. Аталған жаңа нормалар «Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңда жазылған.

«Қабылданған заң Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы салық бойынша қатынастарды нығайтуды көздейді. Келісім екі мемлекеттің уәкілетті органдары арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа құқықтық тетіктерін қолдануға негіз қалыптастырады», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар отырыс барысында сенатор Ләззат Қалтаева ант берді және Сенаттың тұрақты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі болып сайланды.

«Мемлекет басшысы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саяси өмірге белсенді араласуына үнемі мән беріп келеді. Президент Жарлығымен Ләззат Қалтаеваның сенатор болып тағайындалуы – соның нәтижесі. Бұл – мемлекетіміздің инклюзивтілігінің және Мемлекет басшысының елімізді жаңарту бағдарының іске асырылуының жарқын көрінісі. Мұндай қадам алдағы уақытта мүгедектігі бар адамдардың саяси және қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттыруға ықпал етеді деп сенеміз», – деді жаңа депутатты таныстырған Сенат Төрағасы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Ләззат Қалтаеваны көпшілік белсенді қоғам қайраткері ретінде жақсы танитынын, ол бұған дейін де заң шығару қызметіне қатысып, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға қатысты өз ұсыныстарын жолдап келгенін атап өтті. Одан бөлек, Сенат Төрағасы алдағы уақытта әріптесінің бұл бағыттағы жұмыстарды сенатор ретінде табысты жалғастыратынына сенім білдіріп, депутаттық қызметіне сәттілік тіледі.

**А.СҰЛТАН**

# Құқық қорғау қызметін жетілдіру кезек күттірмейді

**Мәжілісте палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Палата Спикері негізгі жұмысқа кіріспес бұрын бірқатар маңызды мәселеге тоқталды.**



Е.Қошанов Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы уақытқа дейін қордаланған проблемаларға қатысты ащы сын айта отырып, нақты міндеттер жүктегенін атап өтті.

– Ол міндеттің ең бастысы – еліміздің экономикалық әлеуетін қалпына келтіріп, халықтың табысын, әл-ауқатын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін Президент жұрттың бизнеспен айналысуына тең жағдай жасау, еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу, тұрғын үй, денсаулық мәселелерін шешу, инфляцияны ауыздықтау, қосымша қаражат көздерін қарастыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту сияқты басқа да бірқатар басым бағытты атап айтып, шынайы нәтижеге жетудің жолдарын көрсетті, – деді.

Отырыс барысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің қорытындысында көрсетілген заң жобасының негізгі мақсаты – құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру, оның ішінде тікелей қолданылатын нормаларды қолдануды кеңейту, ведомстволық бағынысты реттеуді қысқарту, құқық қолдану практикасында туындаған құқықтық олқылықтар мен коллизияларды жою. Заң жобасы құқық қорғау қызметіне кіруге, оны өткеруге және тоқтатуға байланысты мәселелерді реттеуге бағытталған. Құжаттың бірқатар нормасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, оның ішінде құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне арналған. Кадрлық процестерді біріздендіру және құқық қорғау қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің тұтастығын қамтамасыз ету ұсынылады.

Депутаттар «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда көзделген тәртіппен құқық қорғау қызметіне кандидаттарға тестілеу өткізуді де ұсынды. Тәртіптік теріс қылықтардың түрлері, оларды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану тәртібі нақтыланды. Депутаттардың ұсынысы бойынша Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның бас қолбасшысы лауазымы заңнамалық деңгейде бекітіледі. Осының барлығын палата депутаттарының алдында Бас прокурордың орынбасары Әсет Шындалиев пен Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Гүлнар Бижанова баяндады. Сонымен қатар Еділ Жаңбыршин бастаған Мәжіліс депутаттары «Жаңа Қазақстан» атты депутаттық топты құруды ресми түрде жариялады. Отырыс соңында Мәжіліс депутаттары мемлекеттік органдар басшыларына депутаттық сауал жолдады.

**А.СҰЛТАН**

# «Жаңа Қазақстан». САЯСАТ
# Саяси реформалардан не күтесіз?

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтар күні өткен Мәжіліс отырысында азаматтық қоғаммен және сарапшылармен арадағы диалог негізінде саяси реформалардың жаңа топтамасы әзірленетінін мәлімдеген еді. Реформалардың жаңа топтамасында саяси трансформацияға да айрықша көңіл бөлінетіні айтылды. Сөйтіп, «Жаңа Қазақстан» құрудың саяси алғышарттары айқындалмақ. Осы ретте, біз саясаттанушылардан саяси реформалардан не күтетіні жайлы сұрадық.**





**Дос КӨШІМ,**
*саясатанушы*:

## «РЕФОРМАЛАР ПАКЕТІНЕН ҮШ НАҚТЫ БАҒЫТ КҮТЕМІН»

– Президент Қ.Тоқаевтың саяси реформаларының арасынан үш мәселені көргім келеді. Біріншіден, «Саяси партиялар туралы» жаңа заңды көргім келеді. Онда әрбір қоғамдық топқа саяси партия құруға мүмкіндік берілуі керек.

Екінші, сайлау жүйесін толық өзгертетін реформаны күтіп отырмын. Бұл жерде «Сайлау туралы» заң, сайлау комиссияларының құрамы, қысқасы тұтас сайлау жүйесі өзгеруі керек. Үшінші, тілге байланысты. 30 жыл бойы айта-айта әбден шаршатқан мәселе. Яғни, реформалардың арасынан мемлекеттік тілге қатысты заң күтемін. Менiңше, тұтас ұлттық құндылықтар туралы қандай да бір әрекет болуы керек. Өйткені қаңтарда алаңға шыққандар тек газ бағасына бола өре түрегелген жоқ. Көп дүние қордаланып қалды. Соның ішінде қазақ тіліне қатысты мәселе күйіп тұр. Мұны ескеру қажет.

Өз басым саяси реформалар пакетінен күтетінім – осы үш мәселе.

Жалпы, сөз басына қайта оралып, азаматтардың сайлау және сайлану құқы, көппартиялық жүйе жайлы ойымды толықтыра кетсек. Егер сөздің ашығын айтар болсақ, Қазақстанда іс жүзінде толыққанды көппартиялық жүйе орнаған жоқ. Саяси сахнадағы санаулы партиялар жоғарыдан рұқсат алған, биліктің ығынан шыға қоймайтын ұйымдар. Біз билікке өткір сын айтып, өзіндік жол ұсынатын партияларды тіркемейтінін жақсы білеміз. Мысалы, тіркеле алмаған бірнеше партияны атап өтуге болады. Сондықтан көппартиялық жүйе орнамаған қоғамда Парламенттің партиялық жүйе арқылы жасақталуы дұрыс емес. Егер көппартиялы жүйе толық орнығар болса, азаматтардың партия арқылы сайлануы қалыпты дүниеге айналар еді. Ал қазір партияға кірмеген адамдар сайлауға түсе алмайды. Мұны мен әділетсіздік деп ойлаймын.



**Қазыбек МАЙГЕЛДИНОВ,**
*саясаттанушы:*

## АДАМ ҚҰҚЫ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНУЫ ЫҚТИМАЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың наурыз айында жасайтын үндеуі де, күзде болатын Жолдауы да саяси реформаларға арналатыны айтылды. Бүгінге дейін Президент өзінің саяси модернизациялау бағыты аясында үш саяси реформа пакетін қабылдаған еді. Олар сайлау жүйесі, саяси партиялар мен митинг ережелеріне қатысты болған. Менің ойымша, алдағы үндеуде бұл реформалардың негізгі бағыт-бағдары айтылатын болады. Оның негізгі нышаны ретінде күзгі Жолдауындағы нақты қадамдардың алғышарттарын айтуы мүмкін. Ол қандай алғышарттар ? Біріншіден, еліміздегі көппартиялық жүйені дамыту үшін қандай қадамдар жасалатыны төңірегінде болатын шығар деп ойлаймын. Бұл дегеніңіз – саяси партиялар және сайлау туралы заңнамаға өзгерістер енгізу болуы ықтимал. Әсіресе, партияларды тіркеуге байланысты қандай да бір межелерді төмендету тұрғысында болуы мүмкін. Ал сайлау жүйесіне байланысты айтсақ, қазір сарапшылар пропорционалды жүйеден аралас немесе тікелей мажоритарлы жүйеге көшу мәселесін айтып жүр. Бұл мәселе қарастырылуы мүмкін. Мажоритарлы жүйенің алғышарттары қазір бар. Мәселен, ауыл, аудан әкімдерін тікелей сайлау Қ.Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатыр. Бұл өз кезегінде облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлауға алып келетін заңнамалық негіздерді қалыптастырудың алғышарттары болуы мүмкін. Сонымен қатар саяси жаңғырудың тағы бір маңызды бөлімі саналатын азаматтық қоғамды дамытуға, адам құқын сақтауды күшейтуге бағытталған жаңа іс-әрекеттер пакетін ұсынуы мүмкін. Қаңтар оқиғасынан кейін әлемдік қауымдастық адам құқы мәселелерін жиі алға тартты, сондықтан осы бағытта қандай да бір шешім күтуге болады.

**Ардақ СҰЛТАН**

# «ЦЕНЗУРАСЫЗ» ЦИФРЛАР

## немесе сіз статистикаға сенесіз бе?

**Басқаны қайдам, Қазақстанда статистикаға сенетін адам сирек. Ресми органдар тарапының «сұлу» цифрлы көрсеткіштері мен шынайы жағдай арасындағы айырмашылық айтарлықтай. Әсіресе, орташа жалақы, инфляция мен жұмыссыздық деңгейіне қатысты таратылатын ресми мәліметке сенімсіздікпен қарайтындар көп. Бұл мәліметтердің шынайылығының күмән туғызуы өз алдына, кейбір статистикалық деректерге еріксіз езу тартасың. Сонда статистиканың түзілу сыры неде?**



Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Әлем елдерінде де статистиканың шынайылығы өзекті мәселеге айналған. Әсіресе, билік тарапынан елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлайтын салалардағы көрсеткіштерді «көркемдеу» бұрыннан келе жатқан тәсіл. Сондықтан болса керек, Ұлыбритания үкіметін екі рет басқарған Бенджамин Дизраэлидің өзі статистиканы өтіріктің кең тараған түрі екенін мойындады.

### САНМЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ!

Ал біздің атқамінерлер қаңтар оқиғаларынан кейін ғана статистика мен шындықтың арасындағы алшақтыққа көз жеткізді. Аталған оқиғадан соң қызметімен қош айтысқандардың қатарында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы да болды. Осының өзі-ақ еліміздегі ресми статистиканы түзумен айналысқан мекеме жұмысына деген сенімсіздікті аңғартса керек. Статистикалық мәліметтердің шындыққа жанаспайтынын Президент жыл басынан бері бірнеше рет еске салды.

Қаңтар оқиғаларынан кейін Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жауаптыларға цифрлармен «ойнауды» қойып, нақты іске көшуді тапсырды. Мемлекет басшысының бұл ескертуі жұмыссыздық деңгейін өзін-өзі нәтижелі жұмыспен қамту көрсеткіші арқылы азайтып көрсеткісі келетіндерге бағытталды. Отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде Президент халықтың тең жартысының табысы 50 мың теңгеден аспайтынын сын тезіне алды. Ал одан 2 ай бұрын Ұлттық статистика бюросы елдегі орташа жалақының 243 667 теңге болғанын хабарлаған. Президент айтқандай жұмысы барлардың тең жартысы 50 мыңға жетер-жетпес еңбекақымен күнелтіп жатқанда орташа жалақыға қатысты бұл мәлімет те халықтың шамына тигені анық. Өткен аптадағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы тұрғын үй құрылысының көлеміне қатысты ресми дерекке күмән келтірді. Атап айтқанда, былтыр ел аумағында жалпы көлемі 17 миллион шаршы метр тұрғын үй салынған екен. Салада бұрын-соңды болмаған бұл көрсеткіш те Президент назарынан шет қалмады. Ол сол кеңесте жауаптыларға әкімдердің жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ескі үйлер мен саяжайларды да есепке қосты деген деректі тексеруді тапсырды.

### «ӨЗ ӨТІРІГІМІЗГЕ ӨЗІМІЗ СЕНІП КЕЛДІК»

Президентпен бірге Мәжіліс депутаттары да статистикалық мәліметтерді түзу ісіне шынайылық пен нақтылық жетіспейтінін ашына айтып жатты. Мәселен, Ұлттық банк былтыр инфляцияның 8 пайыздан аспағанын, ал азық-түлік бағасының 20 пайыздан өспегенін растады. Дегенмен Ұлттық банктің бұл мәліметінің өтірігі көп ұзамай әшкере болды. Әсіресе, жыл қорытындыланар сәтте әлеуметтік маңызға ие кей тауар түрлерінің 40-50 пайызға дейін күрт өскені айтылды.

Бір сөзбен айтқанда, бағаны ауыздықтауда басталып, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудағы кешенді шаралар легін қабылдауда Үкіметті жалған статистика «жаңылыстырған» сияқты.

– Статистика елдегі болып жатқан жағдайларға қатысты нақты мәліметтерді ұсынуы керек. Ал бізде бұл мәліметтер бұрмаланған. Өкіністісі, Үкіметтің өзі осы бұрмаланған статистикаға сеніп келген. Және олар шешімді де осы мәліметтер негізінде қабылдап келген, – дейді Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев.

Мәжіліс депутаты бірқатар саладағы статистиканың бұрмаланғанын айтады. Атап айтқанда, орташа жалақы мөлшеріне қатысты дерекке қарапайым азаматтарды былай қойғанда, статистердің өзі сенбейді. Сауда және интеграция министрлігі бағаның өсімі 12 пайыздан аспағанын мәлімдейді. Десе де, тамыз-қыркүйек айларында картоп бағасы 3 есе, құрылыс материалдары 2,5 есе қымбаттаған. Ал Ұлттық статистика бюросы министрлік ұсынған ақпаратты теріске шығарудың орнына оны қалыпты жағдай деп санайды.

Сол секілді 2021 жылы елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз деген цифр да күмәнді. Өйткені бұл саладағы шынайы статистика экономикалық белсенділігі төмендер, өзін-өзі нәтижелі және нәтижесіз жұмыспен қамтығандар, NEET жастар сияқты санаттардың «көлеңкесінде» қалып қойған. Мегаполис тұрғындарының санына қатысты деректердің де нақтылауды қажет ететін тұсы жетіп жатыр.

Мәжіліспен отандық статистика саласындағы өзекті мәселені көтерген депутаттық сауалын Премьер-Министр Әлихан Смайловтың атына жолдаған. Әзірге әр жылдары Статистика агенттігін, Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетін басқарған Әлихан Асханұлы бұл сауалға жауап қатпады. Дегенмен Қазақстандағы статистиканың ұңғыл-шұңғылын жетік білетін маман ретінде Үкімет басшысының бұл саланы реформалаудың оңтайлы тетігін табатынына сенім артамыз.

### ӘРКІМНІҢ ӨЗ «ШЫНДЫҒЫ» БАР

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының бас менеджері Аяулым Сағынбаева статистиканы шынайы ету дереккөзге байланысты деген пікірде. Сарапшы статистикалық зерттеулер кезінде әр адам, заңды тұлға нақты ақпарат ұсынған кезде ғана деректердің шынайылығы күмән туғызбайтынын алға тартады.

– Біздегі статистикалық деректердің негізін заңды тұлғалардан және мемлекеттік мекемелерден түскен әкімшілік мәліметтер құрайды. Сонымен бірге респонденттерді кездейсоқ таңдау тәсілі арқылы сауалнамалар жүргізіледі. Демек, статистика осы дереккөздер ұсынған мәліметтер негізінде түзіледі. Сондықтан бұл жағдайда заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелер, респонденттер мейлінше нақты ақпарат беруі керек. Ұлттық статистика бюросы бұл деректерді өзгерте алмайды. Оның үстіне, бұл жүйенің шынайы мәлімет ұсыну қабілеті Еуропалық статистикалық одақ, ТМД Статистика комитеті тарапынан тексеріліп тұрады, – дейді А.Сағынбаева.

Демек, азаматтардың әлеуметтік жағдайына қатысты деректерді атүсті беруі де күмәнді статистиканың түзілуіне себеп болуы мүмкін. Заңды тұлғалардың табысына, қызметкерлерінің орташа жалақысына, жаңадан құрылған жұмыс орындарының санына қатысты да мәліметтерді «түзетіп» ұсынуынан да статистикаға сенімсіздік «синдромы» пайда болады.

– Мәселен, сауалнама кезінде маусымдық жұмыс істейтін респондент өзін жұмысы бар тұлғалардың санатына жатқызуы мүмкін. Алайда ол маусым аяқталған соң қайтадан жұмыссыздар қатарына енетінін жасырып қалады. Енді біреулер бір мекенжайдан, екінші мекенжайға қоныс аударғаны туралы тиісті органдарға хабарламайды. Заңды тұлғалар да шынайы мәлімет беруден қашқақтап жатады. Мұндай көзқарас орталық мемлекеттік мекемелерде де бар. Қысқасы, дереккөз нақты ақпаратты жария етпей шынайы статистика түзілмейді, – дейді сарапшы.

Осы орайда маман статистика органдарының өкілеттілігін кеңейтуге баса назар аударуды құптайды. Өз кезегінде, бұл өкілеттілік арқылы статистика органдары өздеріне ұсынылатын деректердің шынайылығына көз жеткізу мүмкіндігіне ие болмақ.

**P.S.**

**Расында, соңғы жағдайлар кезінде Президенттің сын садағына жиі ілінген статистика бюросына түбегейлі өзгеріс қажет екені байқалады. Қазір Мемлекет басшысының тапсырмасымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында нақты реформаларды әзірлеуге кіріскен Үкімет те «цензурасыз» мәліметке зәру. Ал ол статистиканы қалыптастыруда нақты жағдайға қатысты шынайы ақпарат беру – әр қазақстандықтың азаматтық борышы. Бастысы, сол ақпарат статистика органдарына жетпей, салалық мемлекеттік мекемелер тарапынан бұрмаланып кетпесе болғаны. Демек, саланы жетілдіру кезінде мәліметтерді өз ыңғайына қарай ұсынатындарды да қатаң жауапкершілікке тарту мәселесін ұмыт қалдырмаған абзал.**

# Көресіні кедейшіліктен көреміз әлі

**Кедейшіліктің себебі көп, дегенмен оның басты «қоздырғышы» жұмыссыздық екені даусыз. БҰҰ есебінше, 2021 жылы әлемде еңбек нарығында қысқартылған жұмыс орындарының саны қаржы дағдарысы болған 2009 жылмен салыстырғанда төрт есеге артқан.**

Дәулет АСАУ



Елдар ҚАБА (коллаж)

COVID індеті жайлаған үш жылға таяу уақыт ішінде Жер шарында жұмыссыздар саны екі есе өсті. Бүгінде 2 миллиард 200 миллион адам кедейліктің құрсауына түскен. Олардың 11 пайызы таза тақыр кедей (780 млн). Осыған орай БҰҰ хатшылығы «әлемде аштық пен жұмыссыздық күрт көбейді» деп дабыл қағып, барлық елдерді кедейшілікпен белсенді күресуге шақырды.

### ЖАЛҒАН СТАТИСТИКА ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Халықаралық норма бойынша күніне 5,5 АҚШ долларына өмір сүретін адам «кедей», ал 1,9 доллардан аз ақшаға күнелтетіндер «тақыр кедей» деп есептеледі. Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі – 2,8 доллар (Ресейде күніне 6 доллар). Кедейлік көрсеткіші 2002 жылғы 28 пайыздан 2019 жылы 9 пайызға дейін төмендегенімен, пандемия басталғалы жұмыссыздық қайта өршіп кетті. Сарапшылар биыл кедейлер қауымының қарасы 12 пайызға жетуі мүмкін деп қауіптенеді. Ал халықтың жаппай кедейленуі мемлекетке өте қымбатқа түсетінін кешегі «қасіретті қаңтар» оқиғасы айқын көрсетіп берді!

«Бүгінде 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейді. Бұл соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Сөйте тұра, жан басына шаққандағы табыс көлемі мен орташа жалақы ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл – нағыз көзбояушылық. Шынында, тек қана жәрдемақымен өмір сүріп жатқан жандар аз емес. Кейінгі 5 жылда халықтың жалпы табысындағы еңбек кірістері 80 пайыздан 67 пайызға дейін кеміді. Ал оның орнына әлеуметтік трансферттер 17 пайыздан 29 пайызға дейін ұлғайды. Бұл тұрғындардың елеулі бөлігінің бюджеттің шығысына тәуелді екенін көрсетеді»,– деді Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде.

Президент жұмысшылар жалақысы инфляция мен нарықтағы бағаға қарағанда анағұрлым баяу өсетінін айтты. Салдарынан әлеуметтік төлемдердің тиімділігі төмендеген. Мысалы, халықтың әлеуметтік тұрғыдан ең аз қамтылған бөлігі отбасылық бюджетінің 59 пайызын азық-түлікке жұмсайды.

Ресми статистикаға сүйенсек, былтыр республика бойынша табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың саны 998 мыңға жеткен. Ал сарапшылар кедейлердің 1,5 млн-нан кем емес екенін айтады.

Халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі екі индикатормен өлшенеді – ең төменгі күнкөріс шегі және кедейлік шегі. Кедейлік шегі, ең төменгі күнкөріс шегінің, яғни 36 мың теңгенің 70 пайызын құрайды. Бұл өкіметтің халыққа ақшаны аз төлеу үшін істеп қойған қулығы. Яғни, әлеуметтік көмек алғың келсе, сіңірі шыққан тақыр кедей болуың керек! Ал Еуроодақ аумағында кедейлік ең төменгі күнкөріс шегінің емес, орташа табыстың 60 пайыз деңгейінде белгіленген. Соған қарамастан Қазақстанда ондаған жылдар бойы кедейлік шегі көтерілмей келеді. Қазір біздегі төменгі күнкөріс мөлшерлемесі Нигерия, Ангола, Венесуэла, Габон сияқты елдердің деңгейінде тұр.

2020 жылы жұрт жаппай тұтынатын тауарлар бағасының өсуіне байланысты жәрдем сұраушылар саны артқанына қарамастан, мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылғандардың саны керісінше азая түскен. Бұл фактор өз кезегінде зәру азаматтардың тұрмыстық жағдайын тұралатып жіберді. Сөйте тұра, 2021 жылғы статистикалық деректердің бәрі жағымды динамиканы көрсетті. Мысалы, Ұлттық банк былтыр инфляция деңгейін 8 пайыздан, ал азық-түлік бағасының өсімін 20 пайыздан асырмады. Бұл кезде картоп бағасы 3 есе өскен, басқа тағамдардың да бәрі қымбаттаған. Кейбір құрылыс материалдарының құны 2-2,5 есе артқан және әлі күнге дейін сол деңгейден түскен жоқ. Сөйте тұра, Сауда және интеграция министрлігі жалпы баға өсімі 12 %-дан асқан жоқ деген ақпарат таратты. Ал Ұлттық статистика бюросы бұл ақпарлардың ешқайсысын теріске шығармады, керісінше қалыпты норма ретінде қабылдай салды.

### ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҰЛҒАЙДЫ

Халқымыздың басым көпшілігінің әлеуметтік жағдайының төмендігі мемлекеттің тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Мемлекет басшысы 11 қаңтарда Парламентте сөйлеген сөзінде де Үкіметке халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсарту, азаматтардың әл-ауқатын жетілдіру жөнінде тапсырмалар берген болатын. Содан бері бір ай өтті, атқарушы билік өз деңгейінде еңбектеніп жатқан шығар, бірақ оның нақты нәтижесі туралы бірдеңе деуге әлі ерте.

«Президент Үкіметке кедейшілікке қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны әзірлеуге екі ай мерзім берді. Алдағы уақытта оны қандай сипатта жасалып шығатынын уақыт көрсете жатар. Бірақ ең алдымен, Үкімет мұндай бағдарламаны жасамас бұрын елдегі жұмыссыздардың санын нақты анықтап алуға тиіс. Өйткені жергілікті әкімдіктердің тізімінде өзін-өзі жұмыспен қамтушы, жеке кәсіпкер болып тіркелгендердің көпшілігі қазір жұмыссыз жүр. Әсіресе, пандемия жағдайында көп кәсіпорын жабылып, талай адам жұмыссыз қалды»,– дейді экономист Мақсат Серәлі.

Әзірге бір айта кетерлігі, жыл басынан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан ( МӘСҚ) төленетін үш әлеуметтік төлемнің көлемі көбейді. Бұл шара 347,7 мың адамның тағдырына ықпалын тигізді. Үкімет қаулысына сәйкес, 1 қаңтардан бастап еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған адамдарға МӘСҚ-тан төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері 5 пайызға өсті.

«Бұл ұзақмерзімді төлемдер, өйткені олар бірнеше жыл бойы төленуі мүмкін: еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – адам еңбек қабілеттілігін қалпына келтірмейінше, не зейнеткерлік жасқа жеткенше; асыраушысынан айырылған жағдайда – балаларға кәмелетке толғанға дейін және күндізгі оқу нысанының студенттеріне 23 жасқа дейін жүзеге асырылады», – делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз хабарламасында.

Сондай-ақ АЕК мөлшерінің ұлғаюына байланысты бала күтімінде отырған жандарға МӘСҚ-тан берілетін 1 жасқа дейінгі ай сайынғы әлеуметтік жәрдемақының мөлшері ұлғаяды.

Естеріңізге сала кетейік, жоғарыда аталған әлеуметтік төлемнің мөлшері баланың туған күніне дейінгі соңғы 2 жылдағы орташа табыстың 40 пайызын құрайды. Бұл жағдайда әлеуметтік төлемнің ең төменгі мөлшері баланың туу кезектілігіне қарай белгіленген ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінен кем болмауға тиіс. Аталған барлық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру МӘСҚ активтері есебінен жүзеге асырылады.

### ҚЫТАЙ КЕДЕЙЛІКТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛДЫ?

Әңгімеміздің басында кедейшілікпен күрес біздің ғана емес, әлем елдерінің басындағы ортақ проблема екенін айттық. Осы істе көршілерден, әсіресе Қытайдан үйренеріміз көп. Мәселен, пандемия жан алқымнан алып, барша өндірістер тоқтап, жұмыссыздық көбейіп жатқан кезде былтыр қытай жұртының «біз кедейлікті жеңдік» деп баршаға жар салуы ешкім күтпеген жаңалық болды. 2021 жылғы 25 ақпанда Бейжінде өткен «Кедейліктен құтылудың шешуші шайқасын бүкіл мемлекет бойынша қорытындылау жиналысында» ҚХР төрағасы Си Цзиньпин: «Біз кедейшілікпен күрестегі шешуші шайқаста толықтай жеңіске жеттік. 98,99 млн адам кедейліктен құтылды. 832 аудан кедей атауымен қош айтысып, 128 мың қыстақ жоқшылықтан арылды. Біз тұтас өңірлердің мәселесін түбегейлі шешіп, абсолютті кедейлікті жою міндетін орындап, адамзат тарихында тасқа таңбаланатын тағы бір ғажапты жасадық» деп жария етті.

БҰҰ-ның санағы бойынша, Қытай 1978 жылға дейін кедей елдердің қатарында болды. Сол кездегі жалпы ішкі өнімі Африка құрлығындағы ең артта қалған Замбияның көрсеткішімен шамалас еді. Алайда қытай реформашысы Дэн Сяопиннің «Реформа жасап, сыртқа есік ашу» саясатынан кейін Қытай жедел дамып, кедей, мешеу елден дамыған елдердің қатарына қосылды, тіпті алпауыт АҚШ-пен үзеңгі қағыстыратын деңгейге жетті. Халқын кедейліктен құтқарды.

Қытай экономикалық реформасын бастаған өткен ғасырдың 80-жылдары халқының 1 млрд-тан астамы кедей санатында тұрған. 40 жылдық даму кезеңінде оның 800 млн-ға жуығы кедейлік қамытынан сытылып шықты. Бірақ ҚХР бұл жетістікке оңай жете қойған жоқ. Тіпті, оның осыдан 20 жыл бұрынғы жағдайы да мәз емес еді: қытайлардың 99 пайызының табысы төмен кірістілер санатында болатын.

Қытай Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2012 жылдан бері халықтың жан басына шаққандағы орташа таза табысы екі есеге өсті: ауыл тұрғындарының табысы – 15 204 юаньға, қала тұрғындарының табысы 40 378 юаньға жеткен. Қытай экономикасының өсімі жылына орташа есеппен 7 пайызды құрайды.

Қытай экономикасының тез дамуына оның ондаған жылдар бойы арзан тауарлар өндірісін жандандыруы ықпал етті. Бұл өз кезегінде әлемдегі ең арзан тауарларды құрастыруға, сатуға негізделген экономиканың өсу стратегиясын қалыптастырды. Соның арқасында қазір Қытай әлемдегі өндіруші әрі жабдықтаушы елге айналды. Сондай-ақ ел билігі жекеменшік өндірісшілерді өнімдерін экспортқа шығаруға ынталандырып, салықтан босатты, халықаралық бәсекеге төтеп беру үшін қосымша қаражат та бөлді. Бұл кәсіпкерлеріне көп септігін тигізіп, олардың шетелдерге дейін ірге кеңейтуіне мүмкіндік берді. Қытай экспортының 90 пайыздан астамы жекеменшік секторға тиесілі болуының себебі, міне, осы. Бұл Қытай экономикасының өсуінің және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуінің негізгі факторына айналды. Әрі кедейлер санын азайтты.

# ЕЛДІГІМІЗ СЫНҒА ТҮСКЕН





**«Қасіретті қаңтар» оқиғалары қазақ еліне сын болды. Әділеттің өріне, шындықтың шыңына ұмтылған мұң-наласы мол қаймана халықты қалқан етіп, залым күштер зұлым ниетін іске асыруға тырысты. Қалаларды қиратты, қарсы кездескенді жайратты, қан төкті, елді үрейге бөкті. Қазақстанымыздың бейбіт аспанын қара бұлт торлады. Елдік пен тәуелсіздікке тірек болған асқаралы арман, асыл мұраттар адыра қалғандай болды. Ұлт тағдыры, ұрпақ болашағы талқыға түскен тарихи сәтте бейбіт халқымыздың байсалдылығы, ел басшылығының батыл қадамдары елдікті сақтап, мемлекетімізді тұрақты қалыпқа қайтарды.**

Елдос СЕНБАЙ

Осының арқасында Ұлы даламыз халықаралық лаңкестік топтардың тартыс алаңына, майдан даласына айналудан аман қалды. Бірақ сол елең-алаң шақта ел-жұрт оқиғалардың қалай өрбитінінен бейхабар еді, беймаза күйге енді. Сол оқиғалар «Хабар» агенттігі түсірген «Трагический январь. Как это было» деректі фильмінде көрініс тапты.

Қанды оқиғалардың ұмытылмас азабы мен шері бар, бірақ дүние тегершігі өз жайымен ары қарай айнала бермек. Сондықтан тарих үшін сол күндерді тағы бір еске түсірген жөн. Бұл сындарлы шақтан сабақ алу және оның қайталануына жол бермеу үшін қажет.

### «ҚАРАЛЫ ҚАҢТАР» ХРОНИКАСЫ

**2022 жылғы 1 қаңтар.** Жаңажылдық демалыс күндері басталған кез. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің алдына ондаған адам жиналды. Олар, тіпті де мерекелік көңіл күйде емес еді. Жаңаөзендіктер билікке бейнеүндеу жолдап, сұйылтылған газ бағасын төмендетуді талап етті. 1 қаңтардан Маңғыстау облысындағы жанармай құю стансаларында сұйылтылған мұнай газының бөлшек сауда бағасы әр литріне 65-75 теңгеден 120 теңгеге дейін күрт қымбаттады. Ал Маңғыстау облысында автокөліктердің 90%-дан астамы газға көшкен. Өмірлік маңызды отын саналады, оның қолжетімсіз болуы күнделікті тіршілікті қиындатты.

Халықтың ашынуы әділетті еді. Автогаз бағасының негізсіз шарықтағанын Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі тек қазір ғана әшкереледі, іс қозғалып, жауаптылар жазалануда. Биржадағы алыпсатарлар бұл отынның 1 тоннасының бағасын 62 329 теңгеден 130 680 теңгеге дейін шарықтатқан. Ал бөлшек саудада кәсіпкерлер әр литрін 95–120 теңгеден сата бастайды: маржасы, яғни үстеме пайдасы литріне 21-46 теңгеге жетті. Бұған дейін 10-20 теңге ғана болған.

Алайда о баста жергілікті жауапты тұлғалар да, антимонополиялық орган да қарапайым бұқараның талап-тілегіне жедел ден қоймады.

**2022 жылғы 2 қаңтар.** Жаңаөзенде көңілі қанағаттанбаған жұрт тарқамады, керісінше, наразылық акциясына өткен-кеткен, сұрап білген адамдар қосылып, жиналғандар қарасы 600 адамнан асты. Адамдар көшелер мен жолдарды жапты. Құзырлы органдардың баяндамасында «протест білдірушілердің нақты көшбасшысы жоқ, қалаған адам микрофонды алып, сөйлей береді» деген сөз айтылды.

Құқық қорғау органдары көше жабушыларды қуып таратуға тырыспады, ешқандай күш қолданған жоқ.

**2022 жылғы 3 қаңтар.** Кейін белгілі болғандай, автогаз бағасы ретке келтірілгенде қарсылық та тоқтайтын еді. Алайда шенеуніктердің халық үніне құлақ қоймауы елдің ашуын туғызды. Ереуілге шыққандардың саны 5 500-ден асып кетті. Қаңтардың 2-сінен 3-іне қараған түнде Ақтау қалалық әкімдігі алдына жиналған қарақұрым халық кіреберіс жолдарға тосқауыл қойды. Талаптары жаңаөзендіктердікіне ұқсас – автогаз бағасын арзандату. Сонымен бірге талаптар ауқымы да кеңейе бастады.

Маңғыстаулықтарға өзге өңірлердегі жұртшылық қолдау көрсетті: еліміздің 7 өңірінде бейбіт митингілер басталды.

Құқық қорғау органдары бейбіт демонстрацияларды тоқтатуға не қуып таратуға аса күш салмай, негізінен сырттай бақылаумен шектелді.

Осы кезде топ ортасында арандатушылар пайда болды, олар жиналған қауымды әлдеқайда «батыл қадамға баруға», «көтеріліс жасауға», қылмысқа үндеді. Алайда бейбіт шерушілер оларды мас санап, қара ниеттілерді микрофоннан және мінберден аластатуды сұрады.

Жағдайға ел Президенті араласуға тура келді. Қ.Тоқаев Twitter арқылы «Үкіметке Жаңаөзендегі жағдайды экономикалық тұрғыдан ескеріп, құқықтық жағынан тез арада қарастыруды тапсырғанын» хабарлай келе, шеруге шыққандардан «қоғамдық тәртіпті бұзбауға», диалогқа үндеді.

«Азаматтардың жергілікті және орталық билік органдарына талабын ашық айтуға құқығы бар, бірақ, бұл заңға, нақтырақ айтқанда, бейбіт шерулер туралы заңға сәйкес жүзеге асырылуы керек», – деп жазды ол.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Премьер-Министр Асқар Мамин өз өкімімен Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарастыру үшін Үкіметтік комиссия құрды. АЖҚС иелері бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында газ құнын 120-дан 85-90 теңгеге дейін төмендетті. Халық бұл бағаны қолай көрмеді.

### НАРАЗЫЛЫҚ БЕТ-БЕЙНЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

**2022 жылғы 4 қаңтарда** құзырлы органдардың мәліметінше, республика бойынша наразылық білдірушілер қатары 37 мың адамға дейін күрт көбейді. Маңғыстауда Үкіметтік комиссия белсенді бастамашыл топпен келіссөз жүргізді. Автогаз бағасы 50 теңгеге дейін түсірілді. Бірақ бұл елдің өзге өңірлеріндегі қарсылық шараларын тоқтата алмады. Экономикалық талаптар сыртында «Үкіметтің өзі отставкаға кетсін!» деген секілді саяси талаптар қойыла бастады.



Дәл осы күні шерулер бейбіт сипаттан арылып, бүлікке ұласты. Алматы мен Шымкентте көшелерді толтырған «ереуілшілердің» бір тобы мемлекеттік нысандарға шабуыл жасап, қызметтік көліктерді күйретіп, өртеп, сауда орындарын тонауға кірісті.

Оларға тосқауыл қоюға талпынған, қарапайым қалқан, дубинкамен жарақтанған құқық қорғау органдары өкілдерінің құқықтық тәртіпті сақтап қалуға күші жетпейтіні байқалды. Олардың ешқайсысы атыс қаруымен қаруланбаған еді. Ал дамыған елдерде де митингілерді таратуға қолданылатын су шашқыш көліктерді бүлікшілер алдын ала басып алған.

Күш құрылымдары өкілдерінің айтуынша, еліріп алған топ олардан арнайы киім-экипировкасын шешіп, өз қатарын толықтыруды және өздермен бірге тәртіп бұзуды талап еткен. Бұған келіспеген тәртіп сақшыларын таяқтың астына алды, өлімші етіп соққыға жықты.

Алматыда 32 полицейлік және әскери көлік, 5 өрт сөндіру машинасы, 30-дан астам жедел жәрдем көлігі бұзылып, өртелді. Содырлар жаралы қаруластарын тасымалдау үшін 3 жедел жәрдем көлігін айдап кеткен. Шымкентте бір тәулік ішінде 21 полицейлік көлік қиратылып, өртелген. Ұлттық ұланның 5 жауынгері, 15 полицей соққыға жығылған.

Көздері қарауытқан агрессивті тобырлар полицейлерді, күш құрылымдары өкілдерін қоршап алып, таяқпен, арматурамен аяусыз ұрды. Бұл ретте бір адамға топ болып жабылған, қорғануға еш мүмкіндік бермеген. Зардап шеккендерге көмекке асыққан ақ халаттыларды ілгері бастырмай қойды, жедел жәрдем көліктерін тартып алды.

Күні кеше ғана бейбіт сипатта болған шеруге қатысқан тұрғындар оның соңы неге соқтырғанын көріп, шошынды, бармақ шайнады, жылап еңіреп, жасын төкті. Жаны ашыған кейбірі басын бәйгеге тігіп, жаралы тәртіп сақшыларын, Ұлттық ұланның жас жауынгерлерін ажалдан арашалап қалуға жанұшыра ұмтылды.

Осы күннен бастап құқық қорғау органдары бассыз кеткен бүлікшілердің орган қызметкерлеріне, әкімшілік нысандарға шабуылын тойтару үшін арнайы құралдарды, атап айтқанда құлақ тұндыратын жарықты-шулы гранаталарды қолдана бастады. Оған жауап ретінде лаңкестер тәнді пәрша-пәрша ететін нағыз гранаталарды лақтырған...

### ШАБУЫЛДЫҢ ШЫРҚАУ ШЕГІ

**2022 жылғы 5 қаңтарда** бүлік Қазақстанның көптеген өңірін жайлады. Сарапшылардың байламынша, бейбіт шерулерді лаңкестік шабуылдар алмастырды. Бейберекет, стихиялы жүрген бейбіт наразылық шараларынан айырмашылығы сол, қанды бүлік пен лаңкестік актілер бір жерден ұйымдастырылған, үйлестіруші, жол бастаушылары болған.

Көзі қанға толған қатыгез қанішерлердің мұздай қаруланып алғаны да мәлім болды. Алматы және өзге қалаларда атыс пен жарылыс дүмпуі жұртшылықты жаппай дүрліктірді, елдің бойында алапат үрей туғызды. «Осы арқылы лаңкестер елде халықты қорғайтын билік қалмағанын көрсеткісі келген» деген жорамал бар. Қан төгілген қазақстандық қалалар майдан даласына айналып кеткендей еді.

5 қаңтар күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты мәлімдеме жасады, халыққа басу айтты.

– Баршаңызға тағы да айтарым: іштен және сырттан болған сан түрлі жалған ақпаратқа сеніп, ереуілге салынған топтың қитұрқы әрекеттері мен тәртіпсіздікке ермей, парасатпен және ақылмен ғана шешім қабылдауға шақырамын. Азаматтық және әскери мақсаттағы қызметтік ғимараттарға шабуыл жасауға үндейтін ұрандар мүлдем заңға қайшы келеді. Бұл – өрескел қылмыстық әрекет. Билік құламайды. Ал жастарға айтарым: жарқын болашақтарыңа балта шаппаңыздар, жақындарыңыз бен туған-туысқандарыңыздың жағдайын ойлаңыздар! – деп сабырға шақырған Қ.Тоқаев халықтың барлық заң аясындағы өтініштері мен талаптары ескеріліп, тиісті шешімдер қабылданатынына сендірді.

Мемлекет басшысы жедел шаралар қабылдап, «Алматы қаласы мен Маңғыстау облысында 2022 жылғы 5 қаңтардағы сағат 01.30-дан 2022 жылғы 19 қаңтардың сағат 00.00 кезеңі аралығында төтенше жағдай енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты кеңес өткізіп, онда Үкіметті отставкаға жіберді. Қ.Тоқаев халықтың наразылығын тудырғаны үшін Үкімет, Энергетика министрлігі және «ҚазМұнайГаз» бен «Қазақгаз» кәсіпорындары кінәлі екенін айтты. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар шара қабылдады: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, бензин, дизель, сұйытылған газ бағасына 180 күнге мемреттеу, ал коммуналдық тарифтерді көтеруге 6 айға мораторий енгізді. Бұдан бөлек, азаматтарды борыш батпағынан құтқаратын «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң әзірлеуді, осал топтар үшін баспананы жалға алу құнын субсидиялауға кірісуді, «Қазақстан халқына» қорын құруды жүктеді.

Алайда арандатушылар парасатқа, ақылға шақырған аталы сөзге тоқтамайтынын анық аңғартты. Жағдай шетін шараларды қабылдауды талап еткен. Сарапшылардың айтуынша, осы кезде Алматы және басқа қалаларда бейбіт тұрғындар емес, лаңкестер және бандиттер әрекет етті. Олар Қазақстанның 11 өңірінде ойран салып, елді қырғынға, шығынға батырып жатты.

Құзырлы органдардың дерегінше, ғимараттарды басып алу, тонау және басқа да қылмыстарға қатысушылар саны 50 мыңнан асты. 4-нен 5-іне қараған түні қылмыскерлер Алматы әкімдігін басып алып, бар құжатты шашып, нысанды өртеп жіберді. Басып алу процесі нақты үйлестірілгені аңғарылады. Бейнежазбаларға мына бір мезет түсіп қалыпты: полицейлер жиналған халықпен бейбіт келісімге келуге, ағат әрекетке барудан сақтандыруға тырысуда, алайда кенет топ ішінен суырылып шыққан арандатушы әкімдік алдында тұрған полиция көлігіне өрт қойды және жиналғандарды шайқасқа шақырды. «Арқасы қозған» адамдар екі ортадағы қарусыз полиция шоғырын тапап өтіп, ғимаратқа лап қойды. Ұқсас ахуал, қорқынышты көрініс өзге де қалаларда қалыптасып жатты.

Автоматтармен, өзге де қару түрлерімен қаруланған радикалды топтар Алматы қаласының Полиция департаментіне 27 рет шабуыл жасаған. Полицейлер қорғанысқа көшіп, түнгі 12-ден таңғы 6-ға дейін шабуылдардың бетін тойтара алды. Радикалды топтар не себепті қоймай-қоймай шабуылдаған? Өйткені нысан ішінде қару-жарақ қоймасы болды. Егер мол қару экстремистер қолына түскенде, адам шығыны әлдеқайда көп болуы мүмкін бе еді?!

Арнайы прокурорлар қызметінің бастығы Ризабек Ожаровтың мәліметінше, Алматы және Жамбыл облыстарында полицейлер Полиция департаменттерінің ғимараттарын оқ-дәрі және қару-жарақпен бірге тастап кеткен. Бүлікшілердің қолына 1,5 мың бірліктен астам арсенал түсті. Олар аңшылық дүкендерден де қарулар ұрлады. Бүгінде мыңнан астам қару-жарақ табылды. Әр жерде жасырылған арсенал әлі күнге табылып жатыр.

Тек Алматының өзінде 7 қару-жарақ дүкені тоналған, 1 564 бірлік қару ұрланған. Куәгерлер түсірген әуесқой видеожазбалардың бірінде тобыр ортасына келіп тоқтаған нөмірі жоқ көліктен бүлікшілерге қару-жарақ таратылып жатқаны бейнеленген.

Осы күні Қызылордада 9 автомобиль өртелген. Әскери қызметшіні көлікпен басып кеткен. Тағы екі мүрде соңыра табылды. Талдықорғанда бүлікшілер полиция және облыстық ҰҚК департаментінің ғимаратын тартып алды. Алматы облысының әкімдігі тып-типыл етіліп, өртелді. Маңызды мемлекеттік нысандарға шабуыл және көліктерді өртеу Шымкент, Тараз және басқа қалаларда өрістеді. Бірден бірнеше өңірдің әкімдіктері бүлікшілердің қолына өтті.

### ПРЕЗИДЕНТТІҢ ПӘРМЕНДІ ІСТЕРІ

5 қаңтарда ел Президенті Қазақстан халқына екінші қайтара үндеумен жүгінді. Оның алдында ол барлық өңірде төтенше жағдай енгізген болатын. Елдегі ахуалдың өте күрделі екенін ашық айтқан



**Айсана ҚАХАРМАН,** *саясаттанушы:*

## Олар үрей туғызуды көздеді

– Құқық қорғау органдарының өкілдері оқиғаны саралап, объективті түрде талдау жүргізді. Нәтижесінде, террористердің қарақшылықпен, тонаумен және қауіпсіздік күштеріне шабуыл жасаумен айналысқаны белгілі болды. Тіпті, басым көпшілігі арнайы дайындықтан өткен. Себебі олар әкімшілік ғимараттар мен әскери объектілерге баса-көктеп кіргенін білеміз. Әуел баста террористер бейбіт шеруге қатысушылардың арасына еніп, жағдайдың басы-қасында жүріп, ел ішіне іріткі салғаны анық. Сол себепті де құқық қорғау органдары оларға қару қолданбады, оқ атпады. Алайда арнайы жасақталған лаңкестердің діттеген мақсаты болған. Олар бірден жеті бірдей қару дүкеніне шабуыл жасап, одан 1 347 дана қару ұрлаған екен. Қарақшылар Полиция басқармасының ғимараттары мен басқа да әскери ведомстволарға шабуылдады. Тіпті, тәртіпсіздіктер кезінде мәйітханаға жеті рет шабуыл жасалғанын білдік. Салдарынан 41 мәйіт ұрланған. Жалпы, лаңкестер қоғамда үлкен резонанс тудыру мақсатында бейбіт тұрғындарды жаппай қырып салмақ болған. Сондықтан көшеде көлікпен өткен-кеткені болсын, жаяу жүргінші болсын, ауладағы тұрғынның бәріне оқ атқан. Сонымен бірге елді әбігерге салмақ болған лаңкестер қауіпсіздік күштерінің киімдерін киіп, қарапайым халыққа оқ атқан тәрізді. Сөйтіп, ел ішінде үрей туғызып, тұрғындардың зәресін ұшырған.

# «ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР»





Қ.Тоқаев Алматыда құқық қорғау қызметкерлеріне жаппай шабуыл жасалып жатқанын, қаза тапқандар, жараланғандар барын жеткізді.

– Бұзақы топтар әскери қызметшілерді ұрып-соғып, көшеге жалаңаш шығарып, мазаққа айналдыруда. Әйелдерді зорлап, дүкендерді тонап жатыр. Бұл жағдай Алматының барлық тұрғынына қауіп төндіріп отыр. Бұған төзуге болмайды. Алматыдан басқа кейбір облыс орталықтарында да жағдай ушығып тұр. Осыған байланысты бірқатар өңірде Төтенше жағдай енгіздім. Бұл – қажетті шара! – деді Президент.

Ол азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен тыныштығына, Қазақстанның тұтастығына қауіп төнгенін білдірді. Сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде, әрі бейбіт тұрғындардың өтінішіне орай сол күннен бастап барынша қатаң әрекет ететінін мәлімдеді.

– Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қаскөйлердің қитұрқы әрекеті, – деп бүлікшілерге алғаш баға берген Қ.Тоқаев қазақстандықтардың бойына сенім құйған маңызды сөзді айтты: «Қандай жағдай болса да мен елордада боламын! Халықпен бірге болу – Конституциялық міндетім», – деді ол. Қазақстан лидері мерт болған азаматтардың отбасыларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

Еліміздің барлық өңірінде коменданттық сағат енгізілді. Террористер өз іс-қимылын үйлестіре алмауы үшін интернетке қолжетімділік шектелді. Қолға алынған шаралар нәтижесінде 6 қаңтарда бүкіл өңірлердегі тәртіпсіздіктерге қатысушылар саны 11 мыңға дейін азайды. Шегініп, үйді-үйге, ауыл-аймақта тығылған бандалық топтарды жоюға бағытталған антитеррорлық операциялар басталды.

6 қаңтарда Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізген Қ.Тоқаев «террористерге қарсы штабты өзі басқаратынын» жариялады. Президент бүлікшілердің шетелде үлкен дайындықтан өткен халықаралық террористер екенін және олардың Қазақстанға жасаған шабуылын басқыншылық акті ретінде қарастыру қажет екенін айта келе, ҰҚШҰ мемлекеттерінің басшыларына осы террористік қауіпті еңсеру үшін Қазақстанға әскери көмек көрсетуді сұрағанын мәлімдеді.

ҰҚШҰ Біріккен штабының бастығы Анатолий Сидоровтың мәліметінше, жедел жеткен 2 мыңнан астам жауынгерден тұратын ҰҚШҰ бітімгершілік тобы елді лаңкестік топтардан тазарту операцияларына қатысқан жоқ, олар маңызды мемлекеттік және әскери нысандарды күзетуге тартылды. Мысалы, беларустік бітімгершілер – әскери аэродромды, әскери қару-жарақ қоймасын, алматылық ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ні, армян бітімгершілері – Алматыны нанмен қамтитын комбинатты күзетіпті. Тәжік бітімгершілеріне жергілікті жауынгерлермен бірлесіп, мегаполисті кәусармен жабдықтап отырған су арнасын лаңкестердің улауына жол бермеу миссиясы жүктеліпті. Ресейлік десантшылар босатылған Алматы әуежайының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Бір тобы елордаға бағыт алған. Осының арқасында күзет ісінен босатылған қазақстандық күш құрылымдары бар күшін контртеррористік операцияға, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруге жұмылдыруға мүмкіндік алды.

Қазақстан Президентінің пәрменіне орай ҰҚШҰ-ның республикадағы миссиясы 11 қаңтарда аяқталды. 13 қаңтардан бастап, он күн ішінде ұйым әскерилері қазақ жерінен әкетілді. Бірқатар сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанға одақтас мемлекеттер көмекке келгенде, терроршыл топтар өз жоспарының жүзеге аспайтынын, қазақ елін басып ала алмайтынын жете түсінген.

### ШЕРУШІ ЕМЕС, ТЕРРОРШЫ МА?

Ерлан Қарин «Хабар 24» телеарнасына берген сұхбатында мұның бәрі елдегі жағдайды тұрақсыздандыруды мақсат тұтқан қастық ниеттегі күштердің «нақты жоспарланған, үйлесімді іс-әрекеті болғанын» айтты.

«Біз Қазақстанға қарсы гибридтік террористік шабуылға тап болдық. Оның түпкі мақсаты жаппай тұрақсыздандырып, бәлкім мемлекеттік төңкеріс жасау болса керек. Оларда меммекемелерді, құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алудың алгоритмі болған. Қаруларды басып алу, коммуникация құралдарына соққы жасау, жолдарды жауып тастау, инфрақұрылымдық объектілерді бұғаттау секілді шараларды жүзеге асырды», – деді Мемлекеттік хатшы.

Оның пайымдауынша, зиянкес күштер Қазақстанда түрлі-түсті революция жасай алмайтын еді: «Өйткені елімізде ахуал басқа. Биліктің позициясы орнықты. Басқа да факторлар түрлі-түсті төңкерістің классикалық тәсілдерін іске жаратуға мүмкіндік бермес еді. Сондықтан Қазақстанда жағдайды тұрақсыздандырудың мүлдем басқа моделі, өзгеше сценарийі сынақтан өткізілген. Осы мақсатта радикалды және террористік топтар пайдаланылды», – деген пікірде Е.Қарин. Сондай-ақ «ішкі және сыртқы деструктивті күштер ымыраласуы мүмкін». Отандық арнайы қызметтер елдегі соңғы оқиғаларға бірқатар радикалды және экстремистік ұйымдар мүшелерінің қатысқанын анықтады. Құзырлы органдар ондай тұлғаларды табу, ұстау жұмыстарын жалғастыруда.

Алматы Полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов брифингте қаладағы тәртіпсіздіктерге, шабуылдарға 20 мыңға дейін адам қатысқанын жеткізді. Отандық, шетелдік сарапшылар: «Алматыға сонша террорист қайдан кіріп кеткен?» деп күмән білдіргені мәлім.

«Қирату, полиция, күш құрылымдарының нысандарына шабуыл, әкімшілік ғимараттарды басып алу, бейбіт тұрғындарға, әлеуметтік нысандарға, ауруханаларға шабуыл жасау және басқасы – мұның бәрі зорлықшыл экстремизмнің элементтері саналады. Ондай зомбылық әрекеттерін еш ақтауға болмайды. Өзге елдерде, соның ішінде Батыста мұндай қылмыстар зорлықшыл экстремизм және терроризм ретінде сипатталады. Бұл мәселеде мемлекет те, қоғам да бірауызды болғаны жөн. Біз зорлық-зомбылықты жақтайтын экстремизм идеологиясының жолын кесуге тиіспіз. Бұл оқиғалар, сөзсіз, терроризм актілері ретінде бағалануы тиіс», – деді Ерлан Қарин.




Алматы қаласына шабуылдаған адамдардың қарапайым ереуілші, тіпті бассыз кеткен бұзақы емес, жымысқы жоспары бар лаңкес екенін айғақтайтын оқиға болды: 5 қаңтардың кешінде бүлікшілердің үлкен тобы Алматы халықаралық әуежайын басып алды. Бейбіт шерушілерге мегаполистің әуе қақпасын басып алудың еш қажеті жоқ екені даусыз. Бұл – шетелден басқыншылар басып кіруін қарастыратын гибридті соғыстар кезінде пайдаланылатын тәсіл екені мәлім. Террошылдардың бұл қадамының құпиясырын, астарын кейін «Хабар24» арнасына берген сұхбатында Президент Қ.Тоқаев түсіндірді. Оның мәліметінше, бұл – шетелдік содырларды елге еш тексерусіз, еркін өткізу үшін жасалған.

«Сіз содырлардың Алматы әуежайын басып алуды ұйымдастырғанына назар аударған боларсыз. Қазір тергеу анықтағандай, әуежай орталықазиялық қаланың бірінен ұшып келген шетелдік азаматтардың елге өтуін қамтамасыз ету мақсатында басып алынған. Олар дайындықтан өткен содырлар, командирлер. Оларды шекаралық тексеру бекеттерінің қасынан алып өтіп, қалаға енгізіп жіберген. Өз кезегінде олар бірден операцияларды басқаруға кіріскен. Алайда құқық қорғау органдары жағдайды өз қолына алып, мықты тойтарыс бергеннен кейін қайтадан Алматы әуежайы арқылы эвакуацияланған. Содан соң әуежайды босатты», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұның мұқият жоспарланған операция екенін атап өтті: «Мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымды бұзу, ақыр соңында билікті басып алу болған».

Бұл нұсқаны куәгерлер мен дәрігерлердің айтқандары да растай түседі. Олардың куәлік етуінше, Алматыдағы тәртіпсіздікке қатысушылардың кейбірі Қазақстанда кең таралмаған жат тілдерде сөйлескен. Қақтығыстардан кейін ауруханаларға жеткізілген жаралылардың кейбірі не қазақша, не орысша түсінбеген деген дерек айтылды.

Алматыдағы бірнеше редакцияға шабуылға куә болған «Еуразия» телеарнасының бас директоры Сергей Киселев Zakon.kz порталына берген сұхбатында «террористердің жақсы дайындықтан өткенін, мұздай қаруланғанын және байланыстың техникалық құралдармен жабдықталғанын» хабарлады. Жасақтар 25-50 адамнан құралған екен, әрқайсысының командирі бар, олар бұйрықтарды рациямен алып отырған. «Кейбірі өзара араб тілінде тілдескен» көрінеді. Бастапқыда лаңкестер эфирге шығу үшін телеарналарды басып алуды жоспарлаған. Дегенмен, БАҚ қызметкерлері ондай мүмкіндік қалдырмай, тез эвакуацияланғанын түсініп, редакцияларды қиратқан, өртеп жіберген. Телеарна басшысы террористердің бірнеше редакция орналасқан үлкен ғимараттың ішінде таратушы серверлер тұрған техникалық орынжайлардың нақты қай жерде орналасқанын дәл білгеніне қайран қалады. Тиісінше, ең алдымен сол бөлмелерге жөңкілген. Көктөбедегі телемұнараға да бірнеше рет шабуыл жасалыпты, бірақ тәртіп сақшылары олардың ниетін іске асырмай тастады.

Радикалды топтар республикалық эфирге шыққанда жағдай қандай болып кететіні белгісіз. Эфирден сөйлеу – еліміздің бүкіл өңірінде жасырынуы мүмкін «ұйқыдағы ұяшықтардың» жаппай оянып, іске кірісуіне белгі беруі ықтимал еді деген теория бар.

### «ҚАЗАҚСТАНДА ГИБРИДТІК СОҒЫС ТӘСІЛДЕРІ СЫНАЛДЫ»

Алматыдағы Президент резиденциясын басып алу операциясы да лаңкестердің арнайы дайындықтан өткенін паш етті. Алдымен темір дуалды жүк көлігімен соғып, жапырды. Стратегиялық нысанның кіреберісін де таран әдісімен бұзып кірді. Ал нысанның күзеті бораған оқтың астында қалған. Оқ өткізбес қалқандардың артына жасырынған лаңкестік топ тоқтаусыз ілгері жылжыды. Қолға түскен тәртіп сақшыларына, солдаттарға аяушылық емес, асқан қатыгездік көрсеткен.

Көшелерде түсірілген бейнежазбаларға талдау жүргізген мамандар мен сарапшылар Алматыға бандиттердің мұқият дайындалған топтары мақсатты, нысаналы түрде шабуыл жасады деген ортақ байламға келді. Ол топтардың әрекеттері алдын ала жоспарланған, жұмыс әдістері нақты үйлестірілген: мысалы, топтың барлаушылары алдымен басып алынатын нысанның аумағына барлау жүргізеді, тәртіп сақшылары бекінген тұстарды суретке, бейнежазбаға жазады. Олар нысанды басып алудың күрделілік деңгейін анықтайды. Осыдан кейін шабуыл жасау әдістері таңдалады. Осы кезде топ мүшелері бөтелкелерден «Молотов жарылғышын» әзірлеумен айналысқан.

Қорыта айтқанда, дәл Алматыда билікті басып алудың бұған дейін көрініс бермеген гибридтік ұрыс түрлері сынақтан өтті. Бейбіт қазақстандықтардың шеруіне сыналай енген және оларды ысырып, алдыңғы шепке шыққан лаңкестер және бандиттер кейбір ашынған адамдарды өздеріне ілестіріп, стратегиялық нысандарды басып алуға бағыттап отырған. Халық алаңдарға еш қарусыз және қарау ниетсіз жиналған еді. Радикалды топтар оларды қалқанға айналдырды, сөйтіп құқық қорғау органдарын тырп еткізбей тастады.

Сонымен, бір мезгілде дезинформация, фейк тарату секілді ақпараттық соғыс, идеологиялық диверсия тәсілдері қолданылған. Мысалы, тәртіпсіздік жасаушылар арасында күш құрылымдарының киімін киіп алған, органдарға еш қатысы жоқ адамдар жүрген. Бірақ осы бейнежазбалар «күш құрылымдары бас көтерген халықтың жағына шықты» деп насихатталған және видеороликтер шетелдік телеарналардан көрсетілген. Шын мәнінде Алматы тұрғындары бүлікшілердің полицейлерді, әскерилерді, Ұлттық ұлан қызметкерлерін ұрып-соғып, шешіндіріп, солардың киімін киіп алып жатқанын терезеден көрген, бейнежазбаға түсірген. Бұған қоса, күш құрылымдарының қызметкері ретінде киінгендердің көшедегі халыққа оқ атқаны туралы дерек бар. Бұл да халықты ашындыру үшін жасалған болса керек.

Мемлекеттік хатшы митингіге шыққан бейбіт халыққа күш құрылымдарының, полицияның оқ атпағанын қадап айтты. Олар мұздай қаруланған лаңкестік топтардың шабуылынан қорғану үшін атысты.

«Қаралы қаңтар» оқиғалары барысында ресми мәлімет бойынша 4 578 адам жараланған, қаза тапқан 225 адамның мүрдесі моргтерге жеткізілген. Оның ішінде 19-ы – күш құрылымдарының өкілдері.

10 қаңтарда Қазақстан халқы «Қаңтар қырғынында» адамдар құрбан болғанына қайғырып, Аза тұтты.

Радикалды топтардың моргке басып кіріп, өз жақтастарының мәйіттерін алып кеткені хабарланды. Кейіндері қала шетінде адамдар жасырын жерленген белгісіз зираттар табылған деген ақпарат жария етілді.

«Қасіретті қаңтар» оқиғаларында 2 мыңнан астам бизнес нысанына 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді. Қаптаған сауда-ойын-сауық орталықтары, сансыз дүкен тоналған. Бұл – әділет іздеген, ақиқаттан сусаған халықтың тірлігі емес еді.

«Қаралы қаңтар» лаңкестік шабуылдардың түрі мен тәсілі мүлдем өзгергенін, тиісінше, терроризммен күрестің әдістері де өзгеруі қажеттігін паш етті. Бұл оқиғаларға дейін қазақ елі әлемдегі ең қауіпсіз, тұрақты елдердің бірі саналатын. Тіпті, Global Terrorism Index соңғы рейтингінде Қазақстан 93-орын алды, яғни «террористік қауіп-қатер аз» мемлекеттер қатарында болды. Енді халықаралық сарапшылар елге қатысты бұрыннан қалыптасқан көзқарас-ұстанымын қайта қарап жатыр.

Бірақ бастысы ол емес. «Орнында бар оңалар» дейді қазақ даналығы. Ең бастысы, Қазақстан халықаралық агрессияның бетін тойтарып, мемлекеттік төңкерістің алдын алуға қауқарлы екенін әлемге көрсетті. 2022 жылдың қаңтарындағы оқиғалар елді басып алудың жаңа тәсілі ретінде құзырлы органдарға арналған оқу құралдарына енуі мүмкін, ендігі міндет – ақпараттық терроризммен қабыса жүретін мұндай шапқыншылықтан қорғанудың әдіс-амалдарын түзу, осындай қайғылы оқиғалардың қайталануына бұдан былай жол бермеу болмақ.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасында егемен ел ретінде сақталып қана қоймай, қуатты мемлекетке айналатынын зор сеніммен мәлімдеді. Жаңа Қазақстанда экономикамыз анағұрлым қарқынды дамитынын, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түсетінін нықтады. Осыған бастайтын қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспары қабылданып жатыр.



**Ерлан САИРОВ,** *Парламент Мәжілісінің депутаты:*

## Мемлекетке қарсы жасалған қастандық еді

– Қаңтардағы оқиға кезінде Алматыға сырттан содырлар кірді. Аудандық Ішкі істер басқармасы мен бірнеше ғимаратқа шабуыл жасағанын білеміз. Олар сырттан келген, кейбірі қазақша білмейтін содырлар. Сол кезде шетелдің 300-ден астам азаматы шекарада ұсталды деген ақпарат шықты, яғни, қаншама адам Қазақстанға кірген. Олардың барлығы елдің ішінде өмір сүрген және белгілі бір жаттығудан өткен. Одан соң Қазақстанға ҰҚШҰ ұжымдық күштері келді. Тәртіп орнағаннан кейін олар еліне қайтты. Ұжымдық күштердің өзінің белгілі бір нормасы мен процедурасы бар. Бұл әскери күш емес, бітімгершілік күштері болды. Ал «қаңтардағы оқиғаның барлығын қалай Ұлттық қауіпсіздік комитеті көрмеді, алдын алмады?» деген сұрақ туындайды. Алматыда әуежайға содырлар келер алдында жарты сағат бұрын бүкіл күзетті «үйлеріне қайтыңдар» деп қоя берген екен. Яғни, мемлекетімізде белгілі бір қастандық болған. Оның анық-қанығын қазір құқық қорғау органдарының өздері анықтап жатыр.

# Қара алтынның қалдығы табиғатқа сор болды

**Ел қазынасына мұнайдың берген пайдасы көп. Бірақ қара алтынның тек құнын ескеріп жүріп, зиянын ұмыт қалдырғандаймыз. Соңғы онжылдықта мұнай компаниялары қалдығын далаға төгетін «әдетін» үдетіп барады. Мұнайдың қалдығы төгілген топырақтың тозы шығып, ауа ластанып жатыр. Оның кесірі адам саулығын айналып өтпейді. Экологияның жайы оларды толғандырмаса керек. Ал мәселе айыппұлмен шешілер емес. Сонда шарасызды сарсаңға салғандай мұнай алпауыттарын жөнге келтірер жол болмағаны ма?**

Мадияр ТӨЛЕУ



### АЙЫППҰЛ АЛПАУЫТТАРДЫ АУЫЗДЫҚТАМАЙ ТҰР

Таяуда Маңғыстау облысының Экология департаменті табиғатқа зиян тигізгені үшін 20-дан астам мұнай компаниясынан 426 миллион теңге айыппұл өндірді. Компаниялар мұнай өндіру кезінде ауа ластап, топырақты бүлдірген. Жалпы, мұнай компанияларына қатысты осындай экологиялық мәселе біраздан бері бар. Әсіресе, 2014-2015 жылдары мұндай экологиялық қылмыстар көптеп ашыла бастады. Кейбір өндірушілер мемлекетке миллиардтап айыппұл төледі. Әйткенмен, көбі шығындалдық екен деп ауаны, жерді ластауын доғарған емес. Рас, мұнай – табыстың көзі, бірақ қоршаған ортаға тигізер залалы орасан. 2019 жылы Экология министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасалған. Оған «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз» және «Қаражанбасмұнай» компаниясының да қатысы бар. Бұлар 2024 жылға дейін аумағы 2,5 миллион шаршы метр болатын өздері төккен зиянды қалдықты жоюға, ластанған жерді қалпына келтіруге міндеттелген болатын. Бірақ міндетін жарытып орындап жатқан жоқ. Мысалы, қазірге дейін «Өзенмұнайгаз» – 310 мың, «Қаражанбасмұнай» – 17 мың, «Маңғыстаумұнайгаз» 350 мың шаршы метр ғана қалдықты тазалаған. Маңғыстаудың Экология департаменті «2024 жылға дейін компаниялар міндетті орындай алмауы мүмкін» деп болжам жасап отыр. Біздің де ойымыз осыған саяды. Онда департамент компаниялармен соттасып, біраз дау шығары сөзсіз.

Соңғы 10 жылға жуық уақыт бойы еліміз жылына шамамен 80 миллион тоннадан астам мұнай өндіріп жүр. Алдағы уақытта көлемін арттыруға дәмеліміз. Алайда зиян жағын ескермей кеткендейміз. Экологтер ұсынған бейресми деректерде бір ғана Маңғыстау облысының аумағында 2 миллион тоннадан астам мұнай қалдығы жатыр. Жай жатса шаруаны кейінге қалдыруға болар еді, дегенмен бұл қалдық жыл сайын топырақты құнарсыз етіп, ауаны бүлдіріп, ақыры елдің саулығын бұзады. Жалпы, батыстағы 4 өңірдің де табиғаты мұнай өндірушілерден залал тартып отыр. Әсіресе, Ақтөбе облысынан жиі шу шығады. 2017 жылы Ақтөбедегі ірі мұнай компаниялары жерасты суын ластағаны анықталды. Ақтөбедегі Көкжиде құм алқабында мұнай мен тұщы су қоры бар. Аумағы 43 мың гектар жерде мұнай өндіретін компаниялар ауызсуды түбегейлі қорғау технологиясын қолданбаған. Мұнымен қоймай ауаны да ластады. Биыл жағдай тіпті ушыққан екен. Ақтөбе облысының прокуратурасы «СНПС Ақтөбемұнайгаз», «КМК Мұнай» мен «Ада Ойл» компаниясы 20 мың тоннадан астам топырақты бүлдірген. «Ада Ойл» «Көкжиде» жерасты суын рұқсатсыз пайдаланған. Осы 3 компания мемлекетке бар болғаны 200 миллион теңге айыппұл төлеп, оңай құтылды. Ал табиғатқа келтірілген залал 7 миллиард теңге деп есептелген. 2016 жылы Байғанин ауданының 23 мың шаршы метр жеріне мұнай төгілгенін білеміз. Кейін Жем өзеніне әсер етті. Компаниялар бұл ауданның аумағынан арнайы қалдық төгетін жер жалдаған. Экологтер мен тұрғындар қанша арызданғанымен, мәселе сол күйі қалды. Демек, мұнайдың табысы болмаса, зияны ешкімді алаңдатпайтын сыңайлы.

Топырақтың, ішер су мен жұтар ауаның ластанғанын қара алтын өндірісін өркендеткен Атырау өңірі де көріп отыр. Облыстың табиғаты экологиялық жағынан қолайсыз, батпақты, тұзды топырақ. Ел-жұртты жұмыспен қамтып, экономикалық жағынан қыруар пайдаға кенелтіп отыр демесеңіз, мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың арасында Экологиялық кодекстің талаптарын сақтап отырғандары некен-саяқ. Жыл сайын ауа қабатына шығарылатын қауіпті заттар көлемінің 85 пайызы осы салаға тиесілі. Жақында бұл облыстың да Экология департаменті мұнай өңдеу зауыты мен мұнай өндіруші кәсіпорындар ауаны ластағанын мәлімдеді. Қоршаған ортаға 1 миллиард теңгеден астам залал келген. Ал осынша зиянды қалдықты кім, қалай жояды?

### ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫН МҰНАЙШЫЛАР БАСҚАРЫП ЖҮР МЕ?

Міне, дәл осы зиянды қалдықты жою мәселесі экологтерді де қатты алаңдатады. Батыс өңірлердегі әр мұнай компаниясында кемі жүздеген кен орны бар. Олардың көбі өндірген мұнайдың қалдығын бұрғылау платформаларының қасында топыраққа төге салады екен. Бұл бер жағы ғана. Ал Атыраудағы «Атамекен» ЭКО қоғамдық қорының төрағасы Арман Хайруллин мұнай компанияларын айыппұл төлегені үшін ақтауға болмайтынын айтады. Себебі ол ақша бүлінген ортаны қалпына келтіруге жұмсалмайды.

– Компаниялардың «мұнай шрамдары» деп аталатын арнайы полигондары бар. Көбіне елді мекендерге жақын орналасады. Сол жерге апарып, қалдықтарын төгеді. Одан ауаға тараған улы заттар халықтың денсаулығына әсер етеді. Топырақты да, ауаны да ластайды. Иә, компаниялар айыппұл төлейді, бірақ қаржы орталыққа кетеді. Ақша зиян көрген тұрғындарға берілмейді. Не сол полигонның зардабын жоюға бөлінбейді. Кейде Экология департаменттері мұнай компанияларына зардабын жою туралы міндет жүктейді. Бірақ ол іс атқарылған емес, – дейді эколог.

Арман Хайруллиннің сөзін жөнсіз дей алмаймыз. Мәселен, әлем елдерінде мұнай қалдығының кесірінен зардап шеккен тұрғындарға компенсация төлеу тәжірибесі бар. 2010 жылы Мексика шығанағындағы Deepwater Horizon мұнай платформасында жарылыс болды. Жұрт тарихтағы ең үлкен экологиялық апат ретінде таныды. Жарылған платформа суға батып, күніне 200 тонна мұнай теңізге төгілді. Ақырында жануар мен жәндіктердің 400 түрі жойылып кете жаздады. Сол кезде платформаға жауапты British Petroleum мұнай компаниясы айыппұл ретінде 18,7 миллиард АҚШ долларын төлеп қана қоймай, миллиондаған халықтың өтемақы қорына ақша аударуға міндеттелген болатын. Қош, мұндай апаттың бетін аулақ қылсын. Бірақ елімізде бір емес, ондаған мұнай компаниясы жыл сайын табиғатты бүлдіре берсе, жауаптылар қол қусырып отырмағаны абзал. Бірақ эколог Арман Хайруллин «салаға жауапты Экология министрлігі табиғатты қорғаудың орнына, мұнай алпауыттарының сойылын соғып жүргенін» айтып қапаланды.

– Экология министрлігінің жұмысы өте баяу. Себебі ведомство мұнай алпауыттарын біріктіретін Энергетика министрлігінен шыққан азаматтардың ырқында жүр. Мәселен, осының алдында Экология саласын басқарған Мағзұм Мырзағалиевтің мамандығы – мұнайшы. Кейін орнына келген Серікқали Брекешев – геолог. Екеуінің де экологияға еш қатысы жоқ. Жалпы, экология мен геология бір-біріне қарама-қайшы ұғым. Біріншісі – табиғатқа келетін зиянды жоюға, екіншісі зиянды тауып беруге тырысады. Сондықтан бұл құрылымдар мүлде бөлек болуы қажет. Осыдан келіп шиеленіс туады. Экология саласына өте аз қаржы бөлінеді, Экология департаменттерінде штат санаулы, жалақы төмен. Көбіне жас мамандар уақытша барады, көп тұрақтамай, басқа жерге ауысып кетеді, – деді Хайруллин.

### ТОПЫРАҚТЫҢ ТОЗЫН ШЫҒАРДЫҚ

Табиғатты бүлдірген компаниялардың жайын елімізде Экологиялық кодекс арқылы қарайды. Дегенмен ауаның не судың, топырақтың ластанған мөлшеріне қарай айыппұлдың бекітілген нақты бір сомасын есептеу тәсілін көрмедік. Зиянды қалдықтың мөлшері экологиялық мониторинг кезінде анықталып, айыппұл мөлшері белгіленеді.

Мұнай өндіру кезінде, әсіресе топырақ көп ластанады. Ластанған топырақ қабатын алған соң орнын таза құнарлы топырақпен толтырып отыру қажет. Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің экология кафедрасының профессоры Бағлан Махамедова бұл жаһандық мәселе екенін айтады. Сондықтан мұндай мәселе барын біліп, қарап отыруға болмайтынын айтады. Уақытылы зерттеу жүргізіп, жағдайды бағамдап отырған абзал.

– Жерді қалпына келтіру үшін микробиологиялық әдістер, мұнай сорбенттерін қолданады. Мұнай қалдықтары топыраққа сіңбейді. Өсімдік те шықпайды, жануарларға қауіпті. Жаңбыр жауса ластанған аумақтың көлемі артады. Тек биосфера емес, адам денсаулығына зиян. Ластанған топырақтың қалпына келуіне көп уақыт керек. Салдарынан топырақтың тығыз қабаты жалаңаштанып, жер қуанданады, тұзданады, – дейді маман.

Расымен, эколог айтқан пікірдің дәлелін өзіміз де көріп отырмыз. Мұнай өндіретін өңірлерде соңғы жылдары су тапшы, жеріне көк шықпай, құрғақшылық жайлап жүр. Яғни, зиянды қалдық біз ойлағаннан көп таралған тәрізді.

**ТҮЙІН: Салаға жауапты уәкілетті органдардың экологиялық нормаларды бұзған мұнай компанияларына қыруар айыппұл салып жатқанын жиі естиміз. Алайда тоқтай қойған жоқ. Оның себебі белгілі, табиғатты пайдаланушыларға жаңа технологияларды іске асырып, жасыл экономикаға қадам басқаннан гөрі айыппұл төлеп құтылған тиімді. Өйткені еліміздің экологиялық заңнамасы бойынша олар көзге көрінетін залалды ғана өтейді. Ал көзге көрінбейтін және кешенді экологиялық зерттеулерді қажет ететін залал әзірге өтеусіз қалды.**

# ВАЙНЕРЛЕР және ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (коллаж)

**Қаржы пирамидасын жарнамалап келген вайнерлердің басы дауға қалды. Бірақ бұл дау бұрынғыдан өзгерек. «Тиімді исламдық инвестициялар» туралы айтып, талай адамды табысты болуға иландырып, «Сенімді ұшу» деп ұрандатқан Мейіржан Төребаев, Мейірхан Шерниязов, Азизжан Саидбаев «Қаржы пирамидасын құру және басқару» бойынша қылмыс жасады деген күдікке ілінді. Тағылған айып дәлелденсе, 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Әр постының астарында қаржыны көздейтін жарнамасы «жылтыңдап» жүретін вайнерлерге бейнеүндеу көмектесе ме? «Пирамидадан» пайда тапқан жұлдыздар бұған дейін қылмыстық жауапкершіліктен қалай құтылып кетті?**

Наима НҰРӘЛІ

### ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚҰРДЫ ДЕГЕН КҮДІККЕ ІЛІКТІ

Алматы қалалық соты Төребаев, Шерниязов және Саидбаевтың істі болғанын растап, Қылмыстық кодекстің 217-бабы 3-бөлігі 2-тармағы («Қаржы пирамидасын құру және оған басшылық ету») бойынша күдікті деп танылғанын хабарлады. Вайнерлер Mudarabah Capital қаржы пирамидасын жарнамалап қана қоймай, сонымен қатар компанияның тең иелері ретінде тұрақты түрде табыс тауып отырған.

Полиция департаменті басшысының орынбасары Рустам Әбдірахмановтың сөзінше, қылмыстық іс ASTEX.KZ ЖШС мен ACD Technology ЖШС лауазымды тұлғаларына қатысты қаржы пирамидасын құру және оны басқару фактісі бойынша бір топ азаматтың шағымы негізінде тіркелген. 2019 жылдың ақпанынан 2021 жылдың қаңтарына дейін аталған ЖШС-ның лауазымды тұлғалары жеке және заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін қажет болуы мүмкін қаражатты тарту бойынша бірлескен қызмет туралы келісімдер жасасқан. Екіжақты құжатқа сәйкес, фирмалар ай сайын әрбір салымшыға салған сомасының 20 пайызын төлеп отыруға тиіс болған. ASTEX.KZ ЖШС-на 162 салымшыдан 2 млрд теңгеден астам қаражат басқа компания – Mudarabah Capital ЖШС арқылы түскен.

Бұған дейін осы іс бойынша компанияның бас директоры Руслан Бұрханов қамауға алынған. Ал Төребаев пен Шерниязов 1 000 АЕК, яғни 2 778 000 теңгеден кепіл беріп шыққан, Азизжан 2 айға сырттай қамауға алынды. Вайнерлердің ешқайсысы бұл жағдайға әлі түсінік берген жоқ. Мейіржан Төребаев кеше Шымбұлақта сноуборд теуіп жүрген видеосын жариялаcа, қалған екеуі тым-тырыс.

### АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАП, АЛҒЫСХАТ АЛДЫ МА?

Mudarabah Capital компаниясының құрылтайшысы Мейіржан Төребаев былтыр «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталғаны естеріңізде ме? «Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытқаным үшін. Ештен кеш жақсы. Мойындағаныңызға рақмет!» деп әлеуметтік желідегі парақшасында мақтана жазған еді. Бұл Mudarabah Capital компаниясының басшысы Руслан Бұрқанов қаржылық пирамида ұйымдастырды айыппен уақытша қамау изоляторында отырған кезі. Ал желі қолданушылары «Адамдарды пирамидаға кіргізіп, марапат алды» деген күмәнді ойын жарыса жазып еді.

«Гарант 24» және Estate Ломбард секілді компанияларының айналасында айқай-шу шығып, жүздеген салымшы салған ақшаларын қайтара алмай қиналғанда да вайнер Мейіржан Төребаевтың атыжөні жылт еткен. Әншілер Айқын Төлепберген, Ернар Айдар, сондай-ақ актерлер Асылхан мен Артур Төлеповтермен бірге «жарнамаларына сеніп қалдық» деп ағынан жарылып еді. Әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы халықтан кешірім сұрады. Олар бейнеүндеуде өздерінің де аты аталған қаржы ұйымының құрбаны болғанын айтып, ақталды. Әнші Айқын досымен бірге көлігін кепілдікке қойып алданғанын айтса, Артур Төлепов салымшы ретінде отбасының жинап жүрген қаражатынан 13 млн теңге жұмсағанын айтып ағынан жарылады. Ал белгілі вайнер Мейіржан Төребаев «Гарант 24 Ломбард», «Estate Ломбард» компаниясын сотқа беретінін мәлімдеген.

«Міне, Нұр-Сұлтан қаласындағы Есіл аудандық ішкі істер бөліміндемін. Мені алдап, көлігімді алып қойғаны туралы шағым жаздым. Мен де ломбард құрбанымын. Өкінішке қарай, біз де сеніп қалдық», – деді ол бейнежазбасында. Мейіржан ломбард өкілдері құжаттарын көрсеткеннен кейін сеніп қалғанын айтып, сүттен ақ, судан таза болып шықты.

Бір ескеретін жайт, Қылмыстық кодекстің 212-бабына сәйкес, қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құруға дем берушілік немесе оған және оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ оның қызметін ашуға немесе жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен, қаржылық (инвестициялық) пирамиданы ұйымдастырушыдан басқа адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Яғни, осы тұста «ауадан ақша жасап» заңға қарсы келетін қаржылық пирамиданы табыс көзіне айналдырғандар заңды жақсы біледі деген ой келеді.

Аталған бапқа сәйкес, осындай құқықбұзушылыққа барған адам жасаған қылмысының ауырлығына қарай айыппұл төлеуі, не қоғамдық жұмыстарға тартылуы, болмаса бас бостандығы шектеліп, бүкіл дүние-мүлкі тәркіленуі мүмкін. Жазаның ең ауыр түрі – 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Ал вайнерлерге Қылмыстық кодекстің 217-бабы 3-бөлігі 2-тармағы («Қаржы пирамидасын құру және оған басшылық ету») бойынша айып тағылып отыр. Демек, айыбы дәлелденсе, айыппұлмен құтылып кете алмайды. Себебі олар қаржы пирамидасын жарнамалап қана қоймай, сонымен бірге оның тең иелері ретінде үнемі табысқа ортақтасып отырған, сол қаржы пирамидасын құрды деген күдікке ілікті.

Жалпы, соңғы 3 жылда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде Қылмыстық кодекстің 217-бабы (қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету) бойынша 365 материал тіркелген. Бүгінде 126 адам жауапқа тартылды. 38-і сотталса, қалғанына қатысты тергеу жұмыстары жалғасып жатыр. Қамауға алынғандар арасында «Гарант 24 Ломбард» ұйымдастырушылары (17 адам жапа шеккен) бар. Сонымен қатар «L-Капитал» пирамидасының екі көшбасшысы сот шешімін күтуде. Бұл пирамидадан зардап шеккен 300 адам 260 миллион теңгеден айырылған. Ал Evolution corp алданған жандардан 3 млрд теңге жинаған. Ұйымның барлық мүлкі тәркіленген, сондықтан жапа шеккен жандардың жолы болды. Көбіне алаяқтардың қаржысы шетелге шығарылғандықтан табу қиын.

### ЗАҢНЫҢ ОСАЛ ТҰСЫН БІЛЕДІ

Әлеуметтік желіде «қыруар қаржыға қарық қыламын» деген алаяқтардың арам ойын іске асыруда таптырмас алаңға айналғанда жұлдыздарды жауапқа тарту мәселесі күн тәртібінен түсер емес. Бұған дейін өнер жұлдыздары талай адамды тақырға отырғызған алаяқтардың компанияларын желіде ашық жарнамаласа да, еш жауапкершілікке тартылмады. «Мән бермеппін», «Ұят болды», «мен де алдандым» деп ақталып, халықтан кешірім сұрап құтылып кетті. Танымалдарды тарту арқылы «сенімге кіру» сәнге айналған шақта расымен алаяқтарға алданды ма, әлде өздерін солай ақтады ма, бір өздеріне аян.

Айтыскер Балғынбек Имашевтің басы даудан арылмай келеді. Оның «300 мұқтаж жанға үй әперемін» деп қор құрғаны белгілі. Қорға кіріп, мүше болу былай тұрсын, үй алуға тұрған іштегі кезекті саудалаған сыңайлы. Бір кезек 150 мың теңге екен. Осы қорға алданып қалғаны жайында бір топ әйел шағымданып шықты. Оның алдында да ақын Сарамен бірге жатпай-тұрмай кооперативке жарнама жасап жүргені де күмән тудырды. Amanat home кооперативіне қатысты дау-дамайда өзін жұртқа кооператив басшысы ретінде таныстырып келген Көңілбай Шүкеновтің бұған мүлдем қатысы жоқ болып шыққан.

4,3 миллион оқырманы бар Баян Мақсатқызы атышулы Astex компаниясын жарнамалап: «Бұл Қазақстандағы жалғыз компания, соның арқасында тендерлік жобаларға инвестиция салып, тәуекелге бармай-ақ ақша табуға болады» деп жалпақ жұртқа жария салған еді. Әлеуметтік желіні шарлап кеткен бейнежазбада жұртқа белгілі ол ақша салу мәселесіне келгенде осы компанияның құрылтайшылары – ағалы-інілі Алмас пен Шыңғыс Құрманғалиевтерге сенім артатынын жеткізіп, жауапкершілікті соларға бұрып қойды.

Өнер адамдарының ішінен қаржы пирамидаларына алдымен Ернар Айдар тұтылды. Ол жарнамалаған ұтыс ойынындағы көліктерді ұйымдастырушылардың жалға алғаны анықталған еді. Сондай-ақ лотереяда аталған пәтерлер шын мәнінде жоқ болып шықты. Ал алаяқтар компьютер арқылы жалған лотерея жасап, өтірік нөмірлердің «ұтқанын» хабарлаған. Монитордың арғы жағындағы қатысушылар кімнің «жолы болғанын» білмейтіндіктен, ұйымдастырушылар лотереяны осылайша оңай аяқтай салуға тырысқан. Бірақ Экономикалық тергеу департаменті ұтысқа тігілген автокөліктердің мемлекеттік нөмірлерін тексеріп көрді. Сөйтсе, олар жалға беретін мекемелердің балансында тұр екен. Ал жалған лотерея иелері көлікті жалға алып, жарнама түсіріп, оны кейін қайтарып берген. Есесіне, Ернар Айдар арқылы 20 мың билеттің әрқайсысы 10 мың теңгеден сатылып, жалпы сомасы 200 миллион теңге пайда түскен. Сонымен, карантинде онлайн ұтыс ұйымдастырғандар алаяқтық бабы бойынша күдікке ілініп, уақытша тергеу изоляторына қамалды. Ал оларға алданғанын дәлелдеген әнші Ернар Айдар қамаудан босап шығып, бейнеүндеу арқылы көпшіліктен кешірім сұрады.

Қарапайым халық қатты сенетін танымал азаматтар жарнамаға қатыспаса, материалдық шығын мен заңсыз бизнеске тартылған адамдардың саны әлдеқайда аз болар еді. Енді неге қаржылық пирамиданы жарнамалаған өнер жұлдыздары бейнеүндеумен құтылды? Себебі жарнама жасаушы әнші ме, вайнер ме, желідегі жазылушысы аз ба, көп пе, оның барлығы ешқандай рөл ойнамайды. Өнер адамдарының халықты алдауға тікелей қатысы жоқ деп танылып, жауапкершіліктен босады. Заңгер Жанпейіс Назарғали да ойымызды қуаттап, заңның осал тұсы осы деп отыр.

«Алаяқтық бабы бойынша қылмысқа тартуды күшейтпесе, мәселе шешімін таппайды. 2-3 жыл бұрынғы ломбардқа автокөлік қою жайында ұмытпаған боларсыз, олар да осылай жазадан құтылып кеткен еді. Қылмыстық әрекетті жарнамалағаны үшін не салық төлемейді, не қылмысқа тартылмайды. Заңның ең осал тұсы – осы. Соны жақсы түсініп алған бәрі», – дейді Ж.Назарғали.

### ТАНЫМАЛДАР ЖАЗАДАН СЫТЫЛА МА?

Мейіржан Төребаевтың жары, актриса Дана Есеева бір сұхбатында кезінде алаяқтарға алданып, тіркнектеп жинаған 20 мың долларынан айырылып қалғанын айтқаны бар. Сөйтіп, басыбайлы баспаналарына 2019 жылы ғана қол жеткізіпті. Жылдар бойы жалдамалы пәтерде тұрып келген көпбалалы отбасы алаяққа алданудың қандай екенін біледі. Бір емес, бірнеше рет. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дегенді ескерсек, «Гарант 24» және «Estate Ломбард»-тың тақырға отырғызғаны жазған арызымен қоса ұмытылған сияқты. Халық желідегі жұлдыздардың жылтыраған өміріне қызығып, тез баюға ұмтылады, несиеге қарыз алып, қаржысын қаржы пирамидасына құрудан тайынбайды. Ал олардың көксегені қаржылық ұйым құрып, сеніміне ие болған халықтың ақшасына баю болса, танымалдардан не қайыр... Мәселенің ақ-қарасы анықтала жатар. Бастысы, жарнаманы табысқа айналдырған желідегі жұлдыздар да, миллиондаған оқырманы барларды құдайындай көретін халық та бұл даудан сабақ алса игі. Екінші, хан да, қара да заң алдында тең екені сөз жүзінде қалмауы тиіс.

# Сәби өліміне не себеп?

**Солтүстік Қазақстан облысында ана мен бала өлімі өршіп барады. Бұған тиісінше бақылаудың жоғы, учаскелік дәрігерлердің нашар жұмысы, тар бейінді дәрігерлердің жетіспеушілігі, сондай-ақ жаңа туған нәрестелердің туа біткен ауруға шалдығу көрсеткішінің артуы себеп.**


Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Солтүстік өңірде былтыр алты мыңнан астам нәресте дүние есігін ашса, соның ішінде 74-і бір жасқа толмай шетінеген. Бұл 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 18 балаға артық. Ал 5 жасқа дейінгі балалардың өліміне келсек, былтыр – 87, 2020 жылы 70 сәби көз жұмған. Өз үйінде қайтыс болған балалардың саны екі есеге артқан: 2020 жылы бесеу болса, былтыр – 10. Тыныс алу органдары ауруларының салдарынан бала өлімі бес есеге артқан.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, әсіресе Мағжан Жұмабаев, Есіл, Аққайың, Қызылжар, Тайынша, Уәлиханов және Шал ақын аудандарында, сондай-ақ Петропавл қаласындағы №1 және №3 емханаларында бала өлімінің көрсеткіші көбейген.

Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы директорының орынбасары Нұрлан Жақыповтың айтуынша, бала өлімінің себептері арасында перинаталды кезеңде пайда болатын аурулар жиі кездеседі. Барлық өлім-жітімнің 50 пайызының себебі – осы. Ал туа бітетін ауытқулар өлім себептерінің 28 пайызына жетіп отыр. Соның ішінде ең жиі кездесетіні – жүрек-қан тамырлары аурулары.

Нұрлан Назымұлы атап өткендей, туа біткен ауруларға байланысты шетінеген сәбилердің барлығының да дерті дер кезінде анықталмаған. Ультрадыбыстық зерттеу жүргізген кезде мамандар бұл ауруларды көрмеген немесе «қолдарын мезгілінен кеш сермеген». Кейбір жағдайларда жүкті әйелдердің өздері кінәлі: олар есепке уақытылы тіркелмеген немесе маңызды скринингтерден өтпеген.

«Бір ғана мысал: әйел жүктіліктің 10-шы аптасында бірінші скринингтен, 22-ші аптасында екінші скринингтен өткен. Ол кезде ешқандай ауру белгілері анықталмаған. Ал 29-30-шы аптада жүргізілген үшінші скрининг барысында шарананың іш қуысында туа біткен ақау бар екені белгілі болған. Осындай мысалдардың жалпы саны – 11. Ауру ерте бастан анықталса, ауру бала туудың алдын алуға болар еді», – дейді дәрігер. Мамандардың айтуынша, 19-шы аптаға дейін дерт анықталып, 22-ші аптаға дейін жүктілікті тоқтату туралы шешім қабылдануы тиіс.

Ал үйінде қайтыс болған 10 баланың төртеуінің өліміне жіті респиторлық инфекция себеп болған. Суық тиген балаларды ауруханаға апармай, үйде емдегеннің салдары осылайша опық жегізді.

### АЛДЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

Дәрігердің пікірінше, сәби өлімінің алдын алу үшін жүктілікті ерте жоспарлау, бала көтере алатын жастағы әйелдерді сауықтыру, болашақ аналарды босануға мұқият даярлау, жүктілік бойынша есепке ерте тұру, сондай-ақ алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде жүкті әйелдерді толыққанды бақылау, ультрадыбыстық-скринингтік зерттеулерді уақытылы жүргізу және қандай да бір ақаулар анықтала қалса, жүктілікті тоқтату туралы шешім қабылдау қажет. Сондай-ақ ол қалалық және аудандық ауруханалар жүкті әйелдерді ультрадыбыстық зерттеуден өту үшін көпбейінді облыстық аурухананың перинаталдық орталығына уақытылы жолдаудың маңызына тоқталды. Себебі Аққайың Қызылжар, Мағжан Жұмабаев, Тайынша, Есіл, Шал ақын, Мамлют аудандарында және Петропавл қаласындағы №2 және №3 емханаларда шараналардың дерттері уақытылы немесе мүлдем анықталмағаны тіркелген.

Қолда бар мәлімет бойынша, мұнда диагностикалаудың осы түрінен бүгінде жүкті әйелдердің тек 78 пайызы ғана өтеді екен. Қалғандарының таңдауы жекеменшік кабинеттер немесе көршілес Ресейдің клиникалары. Перинаталдық орталық директоры Елена Калюжнаяның айтуынша, жекеменшік кабинеттердің барлығы бірдей сараптамалық УДЗ-аппараттарымен қамтылмаған. Ал перинаталдық орталықта осындай 4 аппарат бар екен. Бірақ УДЗ жасайтын дәрігер тапшы.

«Жүкті әйелдерді жекеменшік кабинеттер өздеріне бұрып әкетеді. Біз осы мәселе министрлік деңгейінде шешілуі тиіс екенін көтерген болатынбыз. Нәтижесінде, өтінішіміз орындалды: бұдан былай перинаталдық скрининг жүргізетін УДЗ дәрігерлерінің тиісті сертификаты болы керек. Ана мен бала ұлттық орталығында ондай сертификатқа ие болу оңай емес», – деді Елена Станиславовна.

Оның айтуынша, бүгінде облыстық перинаталдық орталықта астаналық орталықтан оқып келген екі дәрігер жұмыс істейді. Енді тағы екі дәрігер болса, орталық перинаталдық скринингті толығымен өз мойнына алуға әзір. Былтыр тамызда перинаталдық орталықта генетикалық FISH-зертхана ашылыпты. Содан бері 70-тен астам әйел осындай диагностикадан өткен екен.

«Олардың 14-інің бойында генетикалық ауру бар екені анықталып, жыл соңына дейін 12-сінің жүктілігі тоқтатылды. Былтыр біз 1100 консультациялық комиссия өткізіп, 70 генетикалық және басқа да ақауларды анықтадық. 33 әйелдің жүктілігі тоқтатылды. Хирургиялық жолмен емдеуге болатын шараналар айы-күні жеткен кезде Ана мен бала ұлттық орталығына жолданып, сол жерде туа сала ота жасалды. Дегенмен жүргізіліп жатқан жұмыс әлі де жеткіліксіз: туа біткен жүрек ақауы бар алты нәрестеден айырылып қалдық. Мәселен, Мағжан Жұмабаев ауданынан бір әйел Нұр-Сұлтанға барып босануы керек еді. Бірақ коронавирус дертіне шалдыққандықтан, орталық оны қабылдамады. Бізге телемедицина арқылы ақыл-кеңес бергенімен, нәрестенің өмірін сақтап қала алмадық», – деді Елена Калюжная.

### «АУРУ АНАДАН АУРУ БАЛА ТУАДЫ»

Перинаталдық орталық директорының айтуынша, бойында қандай да бір дерті бар әйелдердің жүктілігі көп қиындық туғызады. «Денсаулығы дімкәс жүкті әйелдер – бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесі. Бала көтермес бұрын әйелдер дайындалуы керек. Біздің келіншектер аяғы ауырлаған соң ғана емделе бастайды. Уақытынан бұрын салмағы 800 грамм бала туғаннан кейін барлық күш-жігерімізді, қаржымызды сол нәрестенің өмірін сақтап қалуға жұмсаймыз. Ауру анадан ауру бала туады», – деді Елена Станиславовна.

Нұрлан Жақыпов балаларға медициналық көмек көрсетуде Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты қатаң сақталуы керегіне тоқталғанына қарағанда, өз білгенінше емдейтіндер де бар сыңайлы.

«Үйдегі өлім-жітімге жол бермеу үшін дереу бақылауды қамтамасыз ету қажет. Барлық алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында патронаж қызметінің жұмысы жандандырылуы, оның жұмысына тиісінше күнделікті бақылау жасалуы керек. Патронаж неше рет қатынады, қызмет көрсету сапасы қандай – бәрін бақылау қажет.», – деді Нұрлан Жақыпов.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлан Айманов учаскелік қызмет пен тар бейінді мамандардың жұмысында кемшілік бар екенін мойындады. «Былтыр он оқиға бойынша, соның ішінде бала өлімі де бар, аудандарға барып, медициналық кеңес өткіздік. Соның барысында жұмыста көптеген кемшіліктер бар екені анықталды. Сол кемшіліктердің көбі әлі күнге дейін түзелмеген. Бұған ең алдымен қызметкердің жауапкершілігінің төмендігі мен бас дәрігерлер тарапынан бақылаудың жоқтығы себеп. Ал облыстық балалар ауруханасы тарапынан курация жасау мен үйлестіру жұмыстары тиісінше жүргізілмейді. Бұған кадр тапшылығы кері әсерін тигізіп отыр. Көптеген жылдар бойы кадр тапшылығы өте төмен қарқынмен шешілуде. Яғни облыстық балалар ауруханасының дәрігерлері ағымдағы жағдайға ғана жұмыс істейді. Сондықтан бұл мекеме кадр мәселесін шешумен белсендірек айналысуы керек», – деді Нұрлан Бақдәулетұлы.

Жалпы, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Еркебұлан Баязитовтың айтуынша, облысқа 285 дәрігер жетіспейді. Былтыр өңірге жолдама бойынша келуі тиіс болған 99 дәрігердің 49-ы ғана келіпті.

Облыс әкімінің орынбасары Тимур Сұлтанғазиев ана мен бала өлімі бойынша өңірдегі бір де бір медициналық ұйымның көрсеткіші жақсармағанын сынға алды. «Бұл көрсеткіш не бұрынғы деңгейде қалған, немесе арта түскен. Бұл – облыстың жүйелі проблемасы», – дейді өңір басшысының орынбасары.

Жуырда ана өлімін жасырмақ болған солтүстікқазақстандық дәрігерлердің әрекеті жаға ұстатты. 34 жастағы көпбалалы Әйгерім Қазезова облыстық ауруханада қайтыс болғаннан кейін оның құжаттары қолдан жасалып, марқұм болған «науқас» аудандық ауруханаға «ауыстырылған». Тіпті, өз аяғымен келгені, сонда емделгені, консилиум болғаны туралы жазбалар бар. Шын мәнісінде тамыз айында жерленген оның өлімін дәрігерлер бір айдан соң ғана жариялағанын бүгінде тәуелсіз тексеріс анықтап отыр. Дәрігерлер ана өлімін жасырып, бұл жағдайды ковидпен байланыстырыпты. Тексеріс аяқталған соң іс материалдары құқық қорғау органдарына тапсырылмақ.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, былтыр жыл бойына 5 ана өлімі тіркелсе, биыл жыл басталмай жатып 2 ана қайтыс болыпты.

**Роза ШӘКЕН,**
*Солтүстік Қазақстан облысы*

# Өскеменнің тұрғындары неге өкпелі?

**Міне, бір айға жуықтады, өндірісті қала Өскеменнің тұрғындары жүйтки соққан желге зар болып отыр. Желдің жоғынан қалада күн сайын қолайсыз метео жағдай (ҚМЖ) жарияланып, шаһар тұрғындарының тамағы қышып, бас ауруы жиілеген.**



### БІР ЖЫЛДА 54 МЫҢ ТОННА ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚ АУАҒА ШЫҚҚАН

Күн сайын деп бекерге айтып отырғанымыз жоқ, облыстық Экология департаментінің мәліметінше, тек жыл басынан бері, яғни, бір жарым айға жуық уақыттың ішінде қалада 25 ҚМЖ тіркелген. Ал былтыр бір жылда осындай 42 факті есепке алыныпты.

Өскеменнің ауасын қадағалаумен айналысатын «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының облыстық филиалы қызметкерлерінің айтуынша, жай күндері де, ҚМЖ болған күндері де ауаға қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, күкіртті сутегі, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, фторлы сутек, хлор, хлорлы сутек, формальдегид, күкірт қышқылы, күшәннің анықталмаған қосындысы, бензапирен секілді зиянды заттар ауаға шығады.

Экология департаментінің деректеріне сүйенсек, Өскемендегі ауаға шығарылатын қалдықтың жалпы көлемі 164 369 тонна. Оның 90 031 тоннасы (56,7 %) автокөліктерге, 54 548 тоннасы (34,3 %) кәсіпорындарға, 14 100 тоннасы тұрмыстық пештерге (8,8 %), 5 690 тоннасы шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына (0,2 %) тиесілі. 2021 жылы қаладағы барлық кәсіпорындардан ауаға 54 мың тоннадан астам шығарынды бөлінген.

Өскемендіктер жалпақ тілде «НМУ» (неблагоприятное метео-условие) деп айтылатын, шаһарды шаңғытып, мұнарланып, тұманданатын күндері не істеу керектігін біршама біледі. Шаһар тұрғындары «Мұндай күндері далада аз жүру керек. Әсіресе, бала-шаға мен үлкен кісілерді сыртқа шығармаған жөн» десе, тағы бірі «Мұндай күндері сүт ішу керек, аздап, қасықтап ащы судан алып жүргеннің артығы жоқ» деп жатады. Қысқасы, ел арасында осындай әзіл-шыны аралас әңгіме көп. Ал облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары ҚМЖ күндері балаларды балабақшаларда серуенге шығармауға, мектептерде далада денешынықтыру сабақтарын өткізбеуге, үйдің терезелері мен желдеткіштерін жабуға, қайнатылған, тазартылған немесе газсыз сілтілі минералды суларды ішуге, ас содасының шамалы ерітіндісімен ауыз қуысын жиі шаюға, витаминді сусындарды, шөптердің қайнатпасын, табиғи шырындарды тұтынуға, балалардың тамақтану рационында сүт өнімдері, ірімшік пен еттің көп болуы жөнінде кеңес береді.

### ЕЛУІНШІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕСКІ ЦЕХТАР ӘЛІ ДЕ БАР

Дәл қазіргі уақытта қала тұрғындарын ҚМЖ-дан қалай сақтану мәселесі емес, «Шаһардағы газдан қашан құтыламыз? Қаладағы кәсіпорындар тұрғындарды қашанға дейін улай береді? Бұған тыйым бола ма, болмай ма?» деген сауалдар көбірек мазалап жүргені рас. Облыстық Экология департаменті 9 ақпанда тұрғындар көкейіндегі осындай сұрақтарға жауап беру мақсатында арнайы брифинг өткізді. Оған қаланы ластаушы кәсіпорындардың өкілдері онлайн режимде қатысты. Өңірдегі ірі өндіріс орындарының бірі «Қазцинк» ЖШС-ның бас экологі Қазтай Тәкеевтің айтуынша, кәсіпорын «Жасыл Қазақстан» бағдарламасы аясында 2025 жылға дейін эмиссияларды 20 пайызға дейін азайтуды жоспарлап отыр. «Біздің компанияда 4 күкірт қышқылы құрылғысы бар. Оның үшеуі – Өскеменде, біреуі – Риддерде. Олардың әрқайсысына қосымша тазалау құрылғысын қоймақ ойымыз бар. Біз ең әуелі өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері жұмыс істеп тұрған ескі күкірт қышқылы цехының құрылғысын ауыстыруды жоспарлап отырмыз», – деді ол.

Ал қаланы ластаушы тағы бір кәсіпорын Өскемен жылу электр орталығының бас экологі Марина Стрельцова алдағы уақытта жаңа қазандық салып, Еуропа елдеріндегідей жаңа технологияларды қолдануды жоспарлап отырғандарын тілге тиек етті. Еуропа демекші, жылу орталығы автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу мақсатында Финляндия мен Германиядан тазарту құрылғыларын алдырғанымен, орнату кезінде мәселелер туындағанын да жасырмады. «Себебі олар газға негізделген. Біз әлі күнге дейін көмір жағамыз», – деді кәсіпорын өкілі.

Айтпақшы, осыдан екі жыл бұрын шамасында, нақты айтсақ, 2019 жылдың желтоқсан айында Өскеменді дәл қазіргідей көк түтін басып, қала тұрғындары дабыл қаққанда Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зұлфұхар Жолдасов қалаға арнайы келген болатын. «Қалада қолайсыз метео жағдай болған кезде кәсіпорындар өндіріс көлемін азайтуы керек. Экология министрлігіне ауа сапасы көрсеткіштері сағат сайын беріліп отырмайтындықтан, бұл мәселені бақылауда ұстау мүмкін емес. Бар үмітіміз – алдағы жылдары қабылданатын жаңа Экологиялық кодексте. Жаңа заң бірінші санатқа жататын барлық өндірістік кәсіпорындарға (Өскемен қаласында олардың саны – 28) автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізуді міндеттейді. Соның нәтижесінде экологтер зауыт жұмыстарын онлайн режимінде бақылап қана қоймай, ауаға бөлінген зиянды заттар көрсеткішін де көре алатын болады» деген еді. Экологиялық кодекс қабылдануы қабылданғанымен, автоматтандырылған мониторинг жүйесі өңірдегі кәсіпорындарға тек 2023 жылдың қаңтарынан бастап енгізілмек. Демек, әлі күтуге тура келеді.

### ДӘРІГЕРЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

ҚМЖ күндері қала тұрғындарында түсініксіз жөтел пайда болып, тамақтары қышып, бастары ауыратынын жоғарыда айттық. Облыстық Экология департаменті өкілдері шаһардағы дәрігерлер бұл мәселеге дұрыс көңіл бөлмей жүргеніне қынжылысын білдірді. «Бізге тұрғындар жиі шағымданады. Бірақ қаламыздағы дәрігерлер «тамақтың қышуына, бастың ауруына ауаның ластығы кінәлі» деп нақты диагноз қойған жоқ. Меніңше, Өскемендегі газдан кейбір тұрғындардың ауырып қалатынын мойындап, аурулар тізіміне енгізетін кез жеткен секілді. Газдан тамағы ауырып барғандарға ОРВИ деп жалпылама диагноз қояды біздің дәрігерлер. Осы мәселені, яғни қаладағы лас ауа райынан тұрғындардың сырқаттануын аурулар тізіміне енгізуді біз облыстық Денсаулық сақтау басқармасына ұсындық», – дейді аталған департаменттің басшысы Данияр Әлиев.

Біз осы мәселеге орай облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметіне хабарластық, бірақ тиісті жауап ала алмадық. Ал өңірімізге белгілі дәрігер, Өскемендегі «Ана мен бала орталығының» бұрынғы директоры Рая Рахимова департаменттің ұсынысын қолдайтынын жеткізді. «Қазір дәрігерлер бірінші кезекте коронавирусқа көңіл бөледі де, сол бойынша сараптама жасайды. Бірақ ештеңе таппайтын жағдайлар өте көп. Тұмау деп қарастырамыз, бірақ тұмаудың белгілерін таппаймыз. «Дәрігерлер диагноз қоймай жатыр» деп бізді де кінәлауға болмас. Диагноз қою оңай шаруа емес. Ол үшін әуелі кешенді диагностикалық зерттеулер қажет. Біз қазір кез келген Өскеменнің тұрғынына зерттеу жасай алмаймыз. Қай жылы екені есімде жоқ, осыдан үш-төрт жыл бұрын Өскеменнің ауасы ең лас деген аудандарында тұратын 5 жасқа дейінгі балалардың шаштары мен тырнақтарынан үлгі алып, зерттеу жүргізгенбіз. Осындай зерттеулерді қайта қолға алып, бір шешімге келетін уақыт жетті деп ойлаймын», – дейді дәрігер.

**Азамат ҚАСЫМ,**
*Шығыс Қазақстан облысы*

# Тағы бір кәсіпорын көлді ластай бастады

*(Басы 1-бетте)*

### БҰЛ – БІРІНШІ ЖАҒДАЙ ЕМЕС

2021 жылы да Шашубай кенті тұрғындарын экологиялық жағдай алаңдатқан болатын. Сол уақытта кент маңындағы бұрынғы «КазЗолото» кәсіпорны аумағында қорғасын зауытын салу туралы шешім тұрғындарды дүрліктірген еді.Шашубай кентінің сол уақыттағы әкімі Даниал Исбеков қоғамдық резонанс тудырған кәріз жүйесі ертеректе «Балқашбалық» ЖШС-ның меншігіне өтіп кеткен деп айтқан болатын. Ал зауыт салуға бекінген алматылық кәсіпкер бос тұрған аумақты сатып алып, тиісті орындардан рұқсат қағаздарын да алып қойған.

Экс-әкім Шашубай кентіне қарасты 7,5 шақырым көлемінде кәріз жүйесі бар екенін, сол үшін халық ақы төлеп отырғанын да айтқан. Қарызына байланысты станса электр көзінен ажыратылғанда кәріз суы «Тұздыкөл» атанған көлге қарай ағады екен. Ал электр жүйесі «Ақтоғайэнерго» мекемесіне қарайды. «Казэнергоцентр» ЖШС төлем ақшасын жинап алушы мекеме ретінде қызмет етіп келеді. Тұрғындар электр желілеріне ешбір жөндеу жұмысы жүргізілмегенін айтқан еді.

Содан бері біршама уақыт өтті. Бәрі дұрысталды дегенде тағы осындай дау туып тұр.

### ІРІ КӘСІПОРЫНДАР ДА ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАР АҒЫЗЫП ЖАТЫР

2021 жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балқаш көлінің мырыш, никель, марганецпен ластана бастағанын хабарлаған еді. Бұған оның жағалауына жақын орналасқан тау-кен өндірісі кәсіпорындары ықпал етіп жатыр. Бертіс және Торанғалық шығанақтары барынша көп ластанған.

Нақтылап айтсақ, Балқаш көлі мен оның маңындағы аймақтардың экологиялық жүйесіне осындағы кәсіпорындар мен Сарышаған әскери полигонын пайдаланудың техногендік қызметі де зиянын тигізді. Көлдің солтүстік аймағын ластандырушы ең үлкен көз Балқаш кен-металлургия комбинаты. Комбинат зауыттары мен қосалқы өндірістік буындары ондаған жылдар бойы көлге ластанған, тазаланбаған ағын суын жіберіп келеді. Балқаш көлінің солтүстік жағалауының ауасын БКМК көп жыл бойы өзінің күкіртті ангидридімен ластайды. Бұл қазір ғана туындап отырған мәселе емес. Ол Балқаш комбинатындағы ауаны қорғау жұмысының тиімсіз жүргізілуінің салдары.

«Балқаш көлі жыл бойына тек Іле өзенімен ғана 23 мың тонна жеңіл органикалық заттармен, 8 мың тоннадай минералды азотпен, 5 мың тонна фтормен, 2 мың тонна темірмен, 1,5 мың тонна бормен, 0,7 мың тонна броммен, 70 тонна минералды фосформен, 60 тонна пропанамидпен, 3,4 тонна дихлоранилин сынды улы заттармен ластанады. Мұнымен қоса Балқаш көліне металлургия комбинаты су шығындыларын, улы заттардың қоспасын жіберуде», – деп дабыл қағады экологтер.

Мәліметтерге қарасақ, өткен ғасырдың соңғы онжылдығының алғашқы жартысында комбинат төккен өндірістік қалдық көлемі жылына орта есеппен 280-320 мың тонна болған. Көл түбінде 76 тонна мыс, 68 тонна мырыш, 66 тонна қорғасын тұнбасы жатыр екен. Ал қазір мұнда қанша қалдық жиналғаны мен оның адамға қаншалықты зиян екенін экологтер тексеруі керек. Кеш болып қалмаса болғаны...

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
*Қарағанды облысы*

Birinshi Lombard (Бірінші Ломбард) ЖШС тауар белгісі «Бірінші Ломбард» 2022 жылы ақпан айының 11, 18, 25 күндері, сағат 13.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекен-жайымыз: Алматы қ., Розыбакиев к., 37 үй. Телефон: 8 (727) 268-40-37

ТОО Birinshi Lombard (Бірінші Ломбард) с торговой маркой «Бірінші Ломбард» объявляет о проведении торгов залогового имущества 11, 18, 25 февраля 2022 года, в 13.00 часов по адресу: г. Алматы, ул. Розыбакиева, д. 37. Телефон: 8 (727) 268-40-37



# Театр басшысы ауысты

**Нұр-Сұлтан қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрдың директоры қызметіне Айболат Жаудыр тағайындалды. Бұл туралы театрға барған Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев хабарлады.**

– Бұған дейін Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының директоры қызметін атқарып келген Ернар Жұматаев қызметінен босатылып, орнына еліміздің бірқатар беделді театрында басшылық қызмет атқарған Айболат Жаудыр тағайындалды, – деп хабарлады Абаев.

Ол сондай-ақ Ернар Жұматаевқа Қаллеки театрын басқарудағы елеулі еңбегі үшін алғыс айтты.

Айта кетейік, Қалибек Қуанышбаев атындағы театрдың шымылдығы 1991 жылы 15 қарашада Ғабит Мүсіреповтің «Ақан Сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашылды. 2011 жылы 14 желтоқсанда театр ұжымына мемлекеттік академиялық театр мәртебесі берілді. Ернар Жұматаев театр директоры қызметін 2020 жылдан бастап атқарды.

**Әбілмансұр ЖАСАН**

# Он шақырымдық жарыста бақ сынады



**Бейжіңдегі Олимпиада ойындарында шаңғымен 10 шақырымға классикалық әдіспен жарысудан әйелдер арасындағы дода аяқталды.**

Бұл бәсекеге Қазақстан атынан Валерия Тюленева, Ксения Шалыгина, Ангелина Шурыга және Надежда Степашкина қатысқан болатын.

Жарыс нәтижесі бойынша Ангелина Шурыга 52-ші, Ксения Шалыгина 53-ші, Надежда Степашкина 57-ші, Валерия Тюленева 59-орын алды.

Олимпиада чемпионы атағын норвегиялық Тереза Йохауг иеленді. Күміс жүлдені Керту Нискассен (Финляндия), қоланы Криста Пармакоски (Финляндия) еншіледі.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

# Спортшы допинг күдігіне ілінді




**Бейжіңде өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында алғашқы оң допинг-сынама табылды.**

Халықаралық допинг тестілеу агенттігінің (ITA) мәліметінше, ирандық тау шаңғышы Хуссейн Савех-Шемшакидің тесті оң нәтиже көрсеткен. Спортшының допинг сынамасынан дегидрометил-тестостерон метаболиттері табылған.

36 жастағы шаңғышы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында Иран құрамасынан ту ұстап шыққан болатын. Қазір Хуссейн жарысқа қатысудан уақытша шеттетілді.

Айта кетейік, танымал спортшылардың бірі Савех-Шемшаки 2010 жылы Ванкувердегі және 2014 жылы Сочидегі Олимпиада ойындарына қатысқан.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

# Додаға түскен мұзбалақтар

**Қысқы Олимпиадаға 100-ге жуық мемлекет қатысқанымен, олардың көпшілігіне жүлде бұйыра бермейді. Әзірге Бейжің Олимпиадасында бүгінге дейін 20-дан астам елдің өкілдері жеңімпаздар қатарынан көрінді. Олардың арасында жас спортшылар да бар. Өкінішке қарай, бұл сапта әзірге қазақстандықтар жоқ.**

Абылайхан ЖҰМАШ




Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (коллаж)

### ҚАЗАҚСТАН ЖАС МОГУЛШЫЛАРҒА СЕНІМ АРТТЫ

Жүлде алмаса да, алғаш рет Бейжің бәсекесінде бағын сынап жатқан жас спортшыларымыз жетерлік. Олардың басым бөлігі могулшылар. Ұлттық олимпиада комитетінің таратқан ақпаратында, 19 спортшы үшін бұл алғашқы Олимпиада екені хабарланды. Жалпы, құрамадағы ең жас спортшының жасы 16-да болса, ең үлкені 35-те.

Әлемдік додаға барған ең жас спортшымыз – әйелдер арасында фристайл-могулдан сынға түскен 16 жастағы Анастасия Городко. Бірінші кезеңде ең жас қатысушымыз қателік істеп мәреге жете алмады. Ал екінші іріктеу кезеңінде жоғары деңгейде өнер көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша ол 67.47 балл жинап, 11-орынға тұрақтады. Дегенмен бұл нәтиже дүбірлі доданың финалына шығуға жеткілікті болмады.

Фристайл-могулдан 17 жастағы қазақстандық Олеся Граур да жас өрендердің бірі. Өкінішке қарай, жүлдеге таласа алмады. Олеся 57,18 ұпай нәтижесімен 23-орынға тұрақтады. Аталған спорт түрінен Қазақстанның әйелдер құрамасы сапындағы үздік көрсеткіш 20 жастағы Аяулым Әміреноваға тиесілі. Барлық элементтерді сәтті орындаған жерлесіміз 66,82 ұпай нәтижесімен 16-орыннан көрінген болатын.

Тау шаңғысы бойынша еліміздің намысын қорғаған жалғыз қатысушымыз Александра Тройцкая да әлемдік жарыста өнер көрсеткен жас саңлақтарымыздың қатарында. 18 жастағы қаршадай қыз 9 ақпанда Бейжіңдегі Олимпиада ойындарында әйелдер арасында тау шаңғысы жарысына қатысты. Қазақстандық атлет бірінші әрекетінде-ақ жарыстан шығып қалды.

> *Әлемдік додаға барған ең жас спортшымыз – әйелдер арасында фристайл-могулдан сынға түскен 16 жастағы Анастасия Городко. Бірінші кезеңде ең жас қатысушымыз қателік істеп мәреге жете алмады. Ал екінші іріктеу кезеңінде жоғары деңгейде өнер көрсетті.*

### МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ ҮЗДІКТЕРІ ЕНДІ ҚАЙТПЕК?

РОК сапында Бейжіңге келген 18 қатысушының тоғызы 2001 жылғылар және одан кіші жастағы спортшылар. Мәнерлеп сырғанаушы Камила Валиева – 15 жастағы РОК құрамасының ең жас мүшесі. Ал фристайлшы Александра Глазкованың Камиладан бір ай ғана үлкендігі бар. Қалған жас спортшылардың көпшілігі мәнерлеп сырғанау спортының өкілдері. Олардың жас шамалары қарайлас. Қыздардан Александра Трусова мен Анна Щербакова – 17-жаста, Марк Кондратюк, Андрей Мозалёв, Евгении Семененко 18 жастағы жеткіншектер. Аталған спортшылардың жас та болса мәнерлеп сырғанау спортында көп-көрім жетістікке жеткенін айта кеткен жөн. Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Еуропа, әлем біріншіліктерінде, ішкі чемпионатта, Ресей кубогында және өзге де халықаралық турнирлерде жүлде алған. Жас таланттардың ендігі мақсаты Бейжің төрінде жүлде алу болатын.

Сол мақтаулы мәнерлеп сырғанаушылардың басы дауға қалды. Күні кеше Ресей құрамасында сынға түскен Камила Валиеваның желтоқсанда тапсырған допинг тест сынамасынан күмәнді препараттар табылды. Қазір ХОК пен Халықаралық коньки одағы мәселені бүге-шүгесіне дейін зерттеп, жан-жақты тексеру амалдарын жүргізіп жатыр. Аталған спорт түрінен әлемдік додаларда алғашқы орындарды бермей жүрген саңлақтардың тағдыры енді қыл үстінде тұр. Ресей құрамасы командалық жарыста алған алтынынан айырылуы мүмкін. Халықаралық олимпиада комитеті медаль тапсыру рәсімін кейінге қалдырды. Командалық сайыста бірінші орын алған ресейлік мәнерлеп сырғанаушы Камила уақытша жарыстардан шеттетіліп, жекелей сындағы бәсекеге қатыспайтын болды. Қазір команда мүшелері осы жағдайға алаңдап, мәселенің оңынан шешілуін тілеп отыр.

### ОЛИМПИАДАДА КӨЗГЕ ТҮСКЕН ӨРЕНДЕР

Биыл бірінші Олимпиадасына қатысқан 19 жастағы ресейлік фристайлшы Анастасия Смирнова үшін Бейжің ерекше есте қалатын болды. Фристайл могулдан сынға түскен Ресейдің төрт дүркін чемпионы жарыс қорытындысы бойынша үздік үштікті түйіндеп, Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері атанды. Бұл сында австралиялық Джакар Энтони алтын, америкалық Джелин Кауф күміс медальді мойнына тақты.

Бейжіңде 1 500 метрге конькимен жүгіруден ерлер арасында жарыс жолына шығып, қола жүлдені еншісіне байлаған оңтүстік кореялық Ким Мин Сок та құрамасындағы жас спортшылардың бірі. Алайда 2000 жылғы Кимнің бұл екінші Олимпиадасы. Ол – 2018 жылғы Қысқы Олимпиада ойындарының командалық есепте күміс жүлдегері, 1 500 метрге жүгіруден өткен қысқы Олимпиаданың екі дүркін қола жүлдегері. 8 жасынан бастап осы спорт түрімен айналысқан кореялық азаматтың бір басына жетерлік жетістігі бар. Айталық, 2016 жылы Лиллехаммерде өткен жасөспірімдер арасындағы қысқы Олимпиада ойындарында 1 500 метрге жүгіруде және масс-стартта, 2017 жылы Саппоро қаласында өткен қысқы Азия ойындарында 1 500 метрге жүгіруде және командалық жарыста алтын медальді жеңіп алды. 2018 жылы Пхенчхандағы қысқы Олимпиада ойындарында Ким Мин Сок 1 500 метр қашықтықта қола жүлдегер атанды. Кореялық спортшы 22 жасында Олимпия ойындарында жүлдегерлер қатарына еніп, 2022 жылды да сәтті бастады.

Хоккейден Словакия құрамасының 2004 жылғы шабуылшысы Юрай Славковский алғашқы ойынында мергендігімен көзге түсіп, көпшілікті үздік ойынымен баурап алды. Бейжіңдегі «Ұлттық» стадионында хоккейден ерлер арасындағы Олимпиадалық турнирдің топтық кезеңіндегі маңдайалды матчында Финляндия қақпасына бірінші болып шайба салды. Осылайша, Финляндия лигасында өнер көрсететін ТПС командасының ойыншысы спорт мамандарының назарын өзіне аударды. Скауттар 17 жастағы жас шабуылшының алдағы ойындарда да өнерін жіті бақылап, назарда ұстамақ. Спортшының Бейжің Олимпиадасынан соң үздік чемпионатта өнер көрсетуге мүмкіндігі арта түсетіні де айтылып жатыр. Айта кетейік, Юрайдың командасы С тобында Швеция, Латвия, Финляндия құрамаларымен бір топта ойнайды.

Біз атап өткен саңлақтар Бейжің Олимпиадасында бақ сынап жатқан жас өрендердің бір парасы ғана. Алдағы уақытта олардың қатары толығып, кейбіреулерін жүлдеге қол созған үздіктердің қатарынан көріп қалуымыз әбден мүмкін.

# Могулшылар елге оралды

**Елорданың халықаралық әуежайына Бейжіңде өтіп жатқан қысқы Олимпиадаға қатысушылар – фристайл-могулдан Қазақстан ұлттық құрамасы ұшып келді.**



Спортшыларды Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері мен жанкүйерлер қарсы алды.

– Спорт – бақ пен бап қатар жүретін сала. Төрт жылда бір келетін дүбірлі додада бар күштеріңізді салып, жігерлеріңізді көрсеттіңіздер. Біз сіздерді қашанда қолдауға дайынбыз. Жарқын жеңістеріңіздің әлі де алда екеніне сеніміміз мол, – деді ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Айгүл Бектенова.

Естеріңізге сала кетейік, байрақты бәсекеде фристайл-могулда ұлттық құрама сапында алты спортшы ел намысын қорғады. Олардың қатарында Юлия Галышева мен Дмитрий Рейхерд финалға жолдама алып, Юлия он бірінші, ал Дмитрий сегізінші орынға жайғасты.

**А.ЖАСАНҰЛЫ**

NUR MEDIA
AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
**Амангелді ҚҰРМЕТ** – Бас редактордың бірінші орынбасары
**Гүлзина БЕКТАС** – шығарушы редактор
**Асқар БЕК** – веб-сайт редакторы
**Елдар ҚАБА** – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ** – Ақмола облысы
**Нұрболат АДЫРБЕК** – Алматы қаласы
**Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ** – Атырау облысы
**Саятхан САТЫЛҒАН** – Жамбыл облысы
**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ** – Қарағанды облысы
**Назгүл НАЗАРБЕК** – Шымкент қаласы
**Роза ШӘКЕН** – Солтүстік Қазақстан облысы
**Азамат ҚАСЫМ** – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
**8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31**
**reklama.aiqyn@gmail.com**
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
**8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39**
**podpiska.alt@gmail.com**

**Газет аптасына 4 рет шығады**

**Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді**

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4072**
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

**Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді**

*(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)*

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
**e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru**

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
- Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Мадияр ТӨЛЕУ